

Нұр – Сұлтан қаласы
№55 орта мектебі
2021 - 2022 оқу жылына арналған
ТӘРБИЕ ЕСЕБІ

**Нұр – Сұлтан қаласы, №55 орта мектебінің аға тәлімгері Демеуова
Лаура Жұмабекқызының 2021 - 2022 оқу жылында атқарған
тәрбие жұмыстарының есебі**

Мектеп тәлімгері 2021 – 2022 оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарын, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірлескен жоспарын әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып, жасап шықты.

Мектепте ұйым ұланбасшысы, мектеп комитетінің мүшелері сайланып, барынша жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы:

«Жаңа заманға бейімді рухани дамыған жігерлі тұлға тәрбиелеу»

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Мәңгілік Ел идеясын, патриотизмді, мораль мен парасаттылық нормаларын ұстанатын, этносаралық және қоғамдық келісімді сыйлайтын, заңға мойын ұсынатын, салауатты және рухани дамыған тұлғаны, интеллектуалды, бәсекеге қабілетті қалыптастыру және мемлекеттің, қоғам мен отбасының мызғымастығына бағытталған дүниетанымдық ұстанымдарды сақтау және нығайту рухында тәрбиелеу.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2021 -2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және 2021 - 2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жасалды

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар.

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы төмендегі 7 бағыт бойынша жұмыстар жүргізді:

1 бағыт: «Руханият»

2 бағыт: «Отан»

3 бағыт: «Жеті Жарғы»

4 бағыт: «Салауат»

5 бағыт: «Экоәлем»

6 бағыт: «Еңбек»

7 бағыт: «Зерде»

Оқушылармен әр бағыт бойынша әртүрлі тақырыпта іс – шаралар өткізіліп отырды. Белсенділік көрсеткен сыныптарды бағалау арқылы, марапатталынып отырды.

Бағалау әдісі **халықаралық, республикалық, қалалық, мектепшілік** ұпайлармен есептелініп отырды.

Сонымен қатар, «**Медиатор**» мен «**Пресс секретарь**» сайланып, әртүрлі іс – шаралар жүргізіп отырды.

1 бағыт: «Руханият» бағыты.

Мақсаты: Оқушылардың адамгершілік келбетін, адамгершілік санасын қалыптастыру. Құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар – ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Өзіндік және басқа халықтардың адамгершілік, эстетикалық, бейнелеу – эстетикалық негіздерін дамытуға және қалыптастыруға, өз түсініктеріңді басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың қызығушылықтарымен біріктіруге шақырады. Жас тілшілерге, жас дарындарға, ақындарға шығармашылық байқау жарияланып тұрмақ.

«Руханият» бағытының атқарған жұмысының анықтамасы

Мақсаты: Руханият - адам баласының ішкі жан - дүниесінің тазалығы, адамгершілік қасиеттердің күн сайын, сағат сайын толығып, жақсылықтар мен игілікті істер жасауға ұмтылуы, ешкімге зиянын тигізбеуі, елін - жерін гүлдендіруде ұлттық болмысына сүйене отырып іс жүргізуі. Бүгінгі ұрпаққа осы қасиетті де құнды жауһарларды үйрену, соларды заман талаптарымен үйлестіріп, жаңғырта жасау - рухани жаңғыру делінсе керек. Жазушы - ақындарымыз да, әнші - өнерпаздарымыз да, барлық салада еңбек ететін қызметкерлер де, ең ар жағы саудамен күн көретін қазақтың әрқайсысы ұлттық құндылықтарын алдымен отбасында, сосын қоғамда кеңінен тарату қажет. Ұл - қызына ата - баба жолын жаңғырта отырып жасауға қол ұшын беруі тиіс. Сонда ғана біздің ұлттық болмысымыз сақталады. Ұлтымыздың тарихына бойлатуымыз - бүгін мен кешегінің алтын көпірі.

Осы ретте мектебімізде руханият бағытында жоспар құрылып, сол жоспар негізінде оқушылар ұйымының басқаруымен бірнеше іс - шаралар өткізілді.

- «Ел аңсаған -Тәуелсіздік» тақырыбында 1сыныптарда сынып сағаты өткізілді.
- 2- сыныптар арасында «Тәуелсіз елім Қазақстан» мәнерлеп оқу сайысы өткізіліп жеңімпаздар марапатталды.

«Тәуелсіздік тірегім. Қазақстан жүрегім» сурет байқауы-3

сыныптар арасында өткізіліп, барлық сыныптар толық қатысып, 1 орынды 3 «Ә» сыныбы Асерхан Алина, Махамбетұлы Айару, 2 - орынды 3 «Ә» сынып оқушысы Токаева Айым. Сынып жетекшісі: Айтымбетова Эльвира, 3 - орынды 3 «Г» сыныбынан Киселев Давид. Сынып жетекшісі: Жахина Томирис, 3 «В» сыныбынан Омарова Анель. Сынып жетекшісі: Коржунгулова Карина иеленді.

- 4-сыныптар арасында «Көшбасшылыққа бастар жол»: «Не? Қайда? Қашан?» білгірлер сайысы өткізіліп, қатысушылар өздерінің білімдерін, алғырлықтарын сайыс барысында белсене көрсетті.
- 7- сыныптар «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» презентациялар жасап әлеуметтік желілерге жүктеді.
- 5- сыныптар «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына құттықтау, тілектер» видео ролик жасап оқушылардың жасаған видео роликтерінің көркем эстетикалық жағы, дауыс ырғағының анықтығы ескеріліп, ең үздік видео құттықтаулар әлеуметтік желілерге жүктелді.
- 9- сыныптар арасында «Патриоттық ән айту» байқауы өткізіліп, әннің тақырыпқа сай болуы, орындау шеберліктері ескеріліп, ең үздік әндер марапатталды.



- 6- сыныптар «Мен тәуелсіз елдің ұрпағымын» мәнерлеп оқуды видеоға түсіріп жолдады.
- 10 «А» сыныбы, сынып жетекшісі: Оралбаева Н.К. «Тәуелсіздік тірегім» атты сынып сағатын өткізді.

«Руханият» бағытының жетекшісі: Шулбаева А. Б.

Көшбасшылар: Жылқыбай А, Балгашева Р, Ержанқызы С, Рахимжанова А

- Дәстүрлі күз мерекесі бастауыш сыныптарда қашықтықтан ұйымдастырылды. Аталған мереке туған жерді қадірлеуге, табиғатты аялауға, өнерлі, дарынды балаларға қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылды.



- 2021 жылдың 29 қазан күні Республикалық қамқоршылар мерекесі күні аталып өтті. Мектебіміз қалалық сайысқа «Ең Үздік тик-ток» түсіріп, II орынмен марапатталды. Диплом мектепке берілді.
- Мектептің инста парақшасына мұғалімдер күні дәстүрлі түрде қазан айының бірінші жексенбісінде атап өтілді. Мектеп оқушылары, олардың ата-аналары, түлектер мұғалімдерге құттықтау жолдады.
- Қазақ әдебиеттануы мен тіл білімінің негізін салушы, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, 10 – 11 сынып оқушылары арасында «Ахмет – ұлт мақтанышы» тақырыбында эссе жазу сайысы өтті. Сайыс оқушыларға өте қатты ұнады. Жоғары дәрежеде өткізілді.



- «Аққу» қыздар клубы өткізілді. Жетекшісі: Егізбай Бақытжан
Мақсаты: Мектептегі әрбір қыз балаға ибалылық, эстетикалық тәрбие беру. «Аққу» қыздар клубы өз жұмысын жалғастыруда.



- «Бұрымды қыз» сайысы жоғары деңгейде өткізілді. 6 сыныптар арасында болған сайысқа шашы ұзын, бұрымды қыздар қатысты. Аталған сайыс Халықаралық қыздарды қорғау күніне орай ойластырылды.

Мақсаты: жасөспірім қыздарды ұлттық тәрбиеге, әдемілікке, тиянақтылыққа тәрбиелеу.



2 бағыт: «Отан» бағыты.

Отанға қызмет етудің маңыздылығы, өз халқың үшін мақтаныш сезімі, мемлекеттік сезімі, мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттің және туған өлкеңнің идеологиялық негіздерін білуге жағдай жасайды. Рубрикада Қазақстанның кереметтері, табиғаты, өңірлер тарихы және т.б. көрініс таппақ.

- «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойында еліне деген мақтаныш сезімін оятып, елін сүйуге тәрбиелеу.



- Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай ұйымдастырылған, «Ең үздік репортаж» номинациясы бойынша мектеп Ұланбасы үздік видео түсіріп, белсенділік танытты.



- Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған, мектепшілік 7 сыныптар арасында өткен видео байқауы өтті. Байқауға белсенділік танытқан оқушылар болды. Олар мақтау қағазымен марапатталды. Ең үздік қатысқан 9 «В» сыныбы болды. Сынып жетекшісі: Шакенова А. Б.



3 бағыт: «Жеті Жарғы» бағыты .

Мақсаты: білім алушылардың бойында қазақстандық

патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана – сезімді, жеке бас бостандығы мен ар – намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық – зомбылық пен агрессиялық ой – пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады.

Оқушылардың тұлғалық, әлеуметтік, құқықтық біліктіліктерін, азаматтық белсенділіктерін және саяси сауаттылығын, өз міндеттерін орындау және өз құқығын қорғай білу қабілеттерін қалыптастырады. Шешендік сөздер, билер мен жыраулардың, ар – намыс, балалар құқықтарының сақталу заңдылықтарын айқындамақ.

- **1 қыркүйек – Білім күні.** Білім күні бірнеше бағыттарды негізге ала отырып жүргізілді.

Іс - шараның мақсаты: 2021 - 2022 жаңа оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, санитарлық - эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, әртүрлі форматта оқушылардың оқуына позитивті ынтасын, оқушылардың оқуға және өз денсаулығына құндылықты қарым - қатынасын қалыптастыру, өзін-өзі ұйымдастыруға дағдыландыру.

1 сыныптарда 09.00 - 11.00 аралығында алдын - ала бекітілген кестеге сәйкес дәстүрлі сынып сағаттары өткізілді. Қатаң түрде санитарлық ережені сақтай отырып, мектепке қабылданған бастауыш сынып оқушыларының сынып сағаттарын өткізу барысы да барлық санитарлық нормаға сәйкес жүргізілді. Сынып сағаттары идеологиялық мазмұн тұрғысынан Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы мерекесіне мектептің инстаграмма парақшасына хештегтер жіберілді.

https://www.instagram.com/p/CTSaKfNNc86/?utm_source=ig_web_copy_link



2 - 11 сыныптарда сағат 11.00 - 13.00 аралығында онлайн форматта жүргізіліп, сілтемелер арқылы қатысуға мүмкіндік жасалды. Жадыраған жаз бітіп, демалыстарын сәтті аяқтаған оқушыларымыздың көңіл - күйлерінен осы атаулы күнге асыққан сезімдері байқалды. Сынып жетекшілеріне жарыса амандасып, хал - жағдай сұрасқан оқушыларымызға, бүгінгі мерекелік сынып сағаттарының мазмұны толық ұсынылды әрі санитарлық ережелер мен техника қауіпсіздігі де түсіндірілді. «Біз денсаулықты таңдаймыз», «Менің заңым – менің айбыным», «Абай - дара, Абай - дана», «Әл-Фараби мұралары» тақырыптары бойынша өткізілген сынып сағаттары өз деңгейінде өткізіліп, оқушыларымыздың алдағы күндеріне сәттілік тіледік.

https://www.instagram.com/p/CTW3FqpNLPa/?utm_source=ig_web_copy_link



Бүгінгі күннің тағы бір жаңалығы – мектептің Инстаграмм [55_school_nursultan](#) желісі арқылы бірнеше 1 - сынып оқушылары

~~үшін ұйымдастырылған сынып сағаттары тікелей эфир арқылы ата-аналар назарына ұсынылып отырды. Биылғы Жаңа оқу жылында балаларын алып келген ата-аналар мектеп қабырғасында болмаса да, ұялы телефондары арқылы өз балаларын көруге мүмкіндік жасалды.~~

Сынып кабинеттері сабақ арасындағы үзілістерде тазалау, кварцтеу, таза ауамен желдету сияқты гигиеналық шаралар тұрақты жүргізіледі. Сонымен қатар, үзіліс кезінде мектептің қабаттарындағы фойелерінде, ара қашықтықты сақтау арқылы балаларға сергіту сәттері жасалып отырады. Әрбір сынып кабинетінде санитарлық ережелерге арналған ақпараттық бұрыштар жасалып, кезекші сыныптағы оқушылардың денсаулығына баса назар аударуда мектепке сыртқы ауласына кірер алдында дене қызулары өлшеніп, булағыш тоннельден өтіп, қолдары антисептикпен залалсыздандырылады. Барлық сақтық шаралардың қатал сақталуы күнделікті жүргізіліп, әр баланың білім алуына жағдай жасалған. Ата - аналар мен оқушыларға арналған нұсқаулықтар мен жаднамалар да алдын ала таныстырылды. а COVID-19 коронавирусы таралуының алдын алу жөнінде қосымша ақпараттар берілді.

Елдегі қалыптасқан карантин жағдайына байланысты және мамыр айында бірінші рет онлайн форматта өткен «Адалдық сағатының» оң тәжірибесін ескере отырып, жалпы республикалық акцияны ай сайын өткізу туралы шешім қабылданды.

Ұлы ойшылдардың еңбектерін кең көлемде дәріптеу – саналы ұрпақты тәрбиелеудің жарқын үлгісі екендігі айдан анық. Сондықтан, әр тоқсан сайын өтетін «Адалдық сағатында» ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығындағы адами құндылықтары дәріптелмек.

- 23 тамыз және 9 қыркүйек күндері аралығында «Абайлаңыз - балалар!» атты профилактикалық іс-шаралар өтті. Жаңа оқу жылы басында оқушылардың мектепке бару жолында жүргізушілердің жол ережесінде абай болу керектігі ескерілді. Басты мақсаты – жол - көлік жарақаттануының алдын - алу және жол - көлік оқиғалары құрбандарын бүкіл әлемдік еске алу күніне арналған іс – шаралар жоғары деңгейде өтті.

https://www.instagram.com/p/CTbxuIhtJ92/?utm_source=ig_web_copy_link



Қауіпсіз мектеп ортасы

Балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтаудың алдын алу мақсатында "ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП ОРТАСЫ" атты республикалық акциясы жүргізілуде

Осы орайда мектеп 2021 - 2022 жаңа оқу жылына қарқынды дайындық үстінде.

Денсаулықты сақтау: бет пердені кию ережесі, антисептикті қолдану, ара қашықтықты сақтау. Төтенше жағдайлардың алдын - алу туралы сурет салған оқушылар 5 «В» сынып оқушысы Амангельді Арзу мен Сулейманкулова Аяулым.

Кешкілік уақытта кәмелет жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдердің ата-аналарынсыз жалғыз жүрмеуі. 2021 жылдың 10 тамыз 20 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесе «Қауіпсіз мектеп ортасы» республикалық акциясы өткізілуде. Аталған іс-шараның мақсаты – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын-алу, сондай-ақ, балалардың қауіпсіздігі.

Акцияның басты міндеттері – балалардың жеке қауіпсіздігін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, оқушылардың құқықтық санасын және қауіпсіз мектеп ортасын құруға жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. дегеніміз Кейбір ата-аналар тарапынан балаларды қадағалаудың аздығынан өкінішті жағдайлар болып жатады.. Үйде отырған баланың қауіпсіздігіне ата-аналар жауапты екенін ұмытпауымыз керек. Мектеп инспекторы мектепте офлайн сыныптарға жол ережесі туралы түсіндірді.

- Республикалық акция жобасы аясында өткізілген қауіпсіздік ережелерімен тасымалданушы оқушылар таныстырылды.



- Қыркүйек айында «Діндерді зерттеу орталығы» ЖШС орталығынан мамандар келіп Шонғараев А.Р және Советов Т терроризмнің қауіптілігі, таралу жолдары сонымен қатар діндерді зерттеуде нақты анықталған сайттарды атап өтті. Аталған кездесуге мектеп мұғалімдері қатысып, одан ары оқушыларға жеткізу сұралды.
- Қазан айында «Право» қоғамдық фонды тарапынан психолог Амангелдіқызы Н және Хусаинова Ж мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларымен «ФЖН» тақырыбында тренинг өткізілді.
 - «Отбасы – бақыт мекені» атты челендж өткізілді. Әрбір шаңырақтағы береке түптеп келгенде тұтас елдің берекесі. Адамға еңбекқорлық, отансүйгіштік, жасампаздық пен мейірімділік сияқты асыл қасиеттер отбасы арқылы дариды. Отбасының аман - саулығы – әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі.

Мақсаты: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана қасиеті; махаббат, адалдық, достық – сезімдері құндылығы.

2021 жылдың 17 қыркүйек күні «Қашықтықтан оқыту кезінде балаға қалай көмектесуге болады?» тақырыбымен Microsoft Teams платформасында жалпы республикалық ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата - аналар жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар қарастырылды:

1. Мектеп жұмыс істейтін ақпараттық платформа.
2. Оқыту форматтары (синхронды, асинхронды, аралас)
3. Балаларды ынталандыру және жауапкершілігін қалыптастыру.
4. Интернеттегі жұмыс қауіпсіздігі және ата-ана бақылауы мәселелеріне ерекше назар аудару.

Күн тәртібіндегі барлық сұрақтар толығымен тарқатылды. Ата - аналар тарапынан туындаған сұрақтарға жауап берілді. Ата - аналар жиналысы соңында бүгінгі тақырыптардың баланы оқыту мен тәрбиелеуде пайдасы зор екендігін, керекті ақпараттар алғандығын жазып, оң пікірлерін білдіріп жатты. Мектепте оқитын оқушылардың ата - аналарына да санитарлық шараларды сақтау қажеттілігі туралы айтылды. Республикалық ата - аналар жиналысының барлық материалдары барлық ата-аналар комитетіне таратылып берілді.

- *Кездесулер* 8 – 9 - 10 сынып оқушыларына онлайн форматта Microsoft Teams платформасымен Нұр - Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданының прокуратурасының қылмыстық қудалау жөнінде, нашақорлыққа қарсы дәріс оқыды. Дәрісте есірткі немесе психотроптық сол тектестерге қатысты шағын заттарды тасымалдаса, кәмелетке толмағандарға ҚК-нің баб-

тарына тоқтады. «Сақтансаң сақтармын» дегендей балаларға сақ болуды ескертті.

- Қыркүйек айында мектебімізде «Өзін - өзі» басқару ұйымын бойынша, Ұланбасын сайлауы жоғары деңгейде өтті. Сайлауға 8 – 9 жән 10 сынып оқушылары арасында, 10 үміткер қатысты.

Олар: Мұсабеков Нұрлыбек
Малибеков Нұргелді
Анвар Шахрияр
Нұран Назерке
Алмағамбет Сабина
Нургуль Марал
Сарсембаева Жансая
Утелова Ақбота
Ыбрайым Ажар
Дунлатқызы Жансая

Әрбір үміткер бақтарын сынап, сайлау алды бағдарламаларымен таныстырып, алға қойған мақсат, міндеттерін таныстырып өтті. Сайлау оффлайн форматта, карантиндік сақтық шараларын қолдана отырып, жүзеге асырылды. Сайлау комиссиялары бекітіліп, 1 – 11 сынып оқушыларының барлығы дауыс беруге рұқсат етілген болатын. Дауыс жинау барысында, бұйрық шығарылып, қабылаушы комиссиялар арқылы шешім қабылданды.

I орын: 10 «А» сынып оқушысы Нұран Назерке

II орын: 9 «В» сынып оқушысы Мұсабеков Нұрлыбек

III орын: 9 «В» сынып оқушысы Анвар Шахрияр дауыс жинады.

Мектебіміздің Ұланбасы Нұран Назерке болды.



4 бағыт: «Салауат» бағыты.

Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы дене шынықтыруды дамытуға әсер етеді. Салауатты өмір салтын ұстаудағы қиыншылықтар мен олардың пайдасы, зияны туралы болмақ.

Қараша айында «ҰСТДО Арка-Ала1» қалалық жасөспірімдер арасында тоғызқұмалақ жарысына белсенділік көрсетіп, Абдеева Мөлдір 2 орынмен марапатталды.



- ҚР тұңғыш президент күніне арналған «Спорт, дене шынықтыру – бұл үздік мәдениет!» атты акция басталды.

Мақсаты: оқушылардың салауатты өмір салтына ұмтылысын қалыптастыру.

Дене шынықтыру мұғалімі: Әуезбаев М. Қ. Қыздар арасында бес асық ойынын қызықты ұйымдастырды.



5 бағыт: «Экоәлем» бағыты.

Мақсаты: Оқушыларға экономикалық және экологиялық тәрбие беру арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру. Туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал ету. Білім алушылардың өзін – өзі кәсіби анықтауында мамандық таңдауына көмектесу, үлес қосу.

Балалардың қоршаған ортаға дұрыс қатынас орнату және табиғат қорларын тиімді пайдалануға бағытталған экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

«Экология тақырыбын көтерген жас фотограф»

Мақсаты: Қоршаған ортаның сапасы және ластануы жайлы, сыртқы ортаның барлық факторларының бір – біріне байланыстылығы. Оның ішінде біз және табиғат байланыстылығын білу. Сыныптар арасында сайыс ұйымдастырылды.



«ЭкоАсар-3» қоғамдық бастамасы 02 қараша – 20 желтоқсан 2021 жыл

16.11-18.11.2020ж. «Greenvain-er» жасұлан еріктілері арасында ЖАС вайн байқауы. фото,видео. Жасұлан ұйымы оқушылары пластик

бөтелкелерін қайта өңдеу жұмыстары туралы 1-минуттық лайфхак түсірді. Мақсаты қоқысқа екінші өмір сыйлау.

20.11-25.11.21ж. Сарыға таста отбасылық видео.

Қалдықты кәдеге жарату. Бұл сайысқа аталған сыныптан басқа сыныптарда белсенділік танытты.

Сарыға таста жобасы қалдықты дұрыс өңдей білуге үйретеді.



25.11.-30.11.21ж. Мен экоблогермін еріктілері арасында ЖАС вайн байқауы ұйымдастырылды.

Бұл сайысқа 7-8 сынып жұмылдырылды.

29-30.11.21ж. Экология және біз. Спорттық сайыс 4 сыныптар арасында ұйымдастырылды.

Сайысқа 4 сынып қатысты. Барлық сыныптар марапатталды. Қатысқан оқушы саны. 188 оқушы.



10.12.2021ж. **Экосағат. «Пластиктерді сұрыптау»** фото ақпарат.

Сынып жетекшілер керек емес қағаз қалдықтарын жинаумен қатар пластик өнімдерін қайта өңдеу туралы ақпараттандырды. Және барлық мектеп оқушы, мұғалім, ата-ана болып қалдықты сұрыптауға шақырылды. 9-10 сынып оқушылары қашықтан тікелей эфир арқылы ашық сабаққа қатысты.

03.12.- 23.12.2021ж. «Ең керемет « GREENTRE» Эко шырша және шыршаға пластика заттарынан ойыншық жасау. Мектепте экоалем көшбасшысы барлық сынып бағыттарына тапсырма беру арқылы экошырша ойыншығын жасатты. Онда 42 оқушы және 5 белсенді ата-ана қатысты. (балалармен қатысқан қосымша 6 ата-ана)

Керек емес қағаз қалдықтар мен пластик заттарды жинау бастама барысынан жиналып отырды.

Бастамаға қатысу туралы ақпарат конкурс сайтында:

<http://myecoschool.kz/>, recycle.kz, [#birgemiztazaalem](https://www.instagram.com/birgemiztazaalem)

[#myecoschool](https://www.instagram.com/myecoschool) [#recyclekz](https://www.instagram.com/recyclekz) [#eecoasar](https://www.instagram.com/eecoasar) хэштегтері арқылы

салынып отырды.

ЭкоАсар-2 бастамасына белсенді қатысқан оқушыларды марапаттау барысында экошырша ойыншығын жасаған оқушылар:

Ерхан 5 сынып, 5г сынып, 4 д сынып

4 а, ә, б, д сынып оқушылары және жетекшілері.

Мектеп директоры атынан арнайы алғыс хатпен марапатталады

«Эко әлем» бағыты бойынша жетекші: Тулегенова Д

Көшбасшы: Дюсекеев А

- «Экоәлем» бағыты бойынша, Тулегенова Данар мектепшілік «Сарыға таста» отбасылық бейнеролик байқауын жоғары деңгейде өткізді. Бұл байқау 15.11.-25.11.21ж аралығында инста парақшасында дауыс беру арқылы бағаланды. Ең көп

дауыс жинаған бейнеролик арнайы сыйлықпен марапатталынды.

Мақсаты: тұрмыстық қалдықтарды бөліп жинау жобасын қорғай отыра, айналадғы адамдарды қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауға шақыру.

Міндеттері: БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІНЕ САЙ ОТБАСЫМЕН БІРГЕ ҚАЛДЫҚТЫ СҰРЫПТАП ТАСТАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ. Отбасымен сұрыптау түрлерін ала отырып, сарыға тастау арқылы видео түсіру.



- «Есірткісіз қала» КВЕСТ 20 қараша күні, мектеп оқушыларды және студент жастардың қатысуымен қалалық квест ойыны ұйымдастырылды.

- **Мақсаты:** жастардың уақытын тиімді пайдалану.

Ойын басталуы арнайы концерттік бағдарламамен, кинологтардың қызықты көріністерімен басталды. Аталмыш шара ЭКСПО қалашығында бастау алды. Бес адамнан құралған 5 команда қатысып, бақтарын сынады. Ойын барысында берілген нүкт елер арқылы әріптерді тауып, есірткіге қарсы сөздер айтылады. Берілген нысандар нүкте ЭКСПО, ботаникалық бақ, керуен сарайы, думан қонақ үй және опера балет театрынан аяқталды. Берілген 3 сағат уақыт ішінде дұрыс тапсырманы орындап, бірінші келген команда жеңіске жетті. Мектеп оқушылары арасынан 5 оқушыдан құрылған, «Жас Стар» командамыз барлық тапсырманы аталмыш жоспарға сай орындап, арнайы сертификаттармен марапатталды. Балалардың бір күндік уақыты осындай қызықты ойынмен өткізілді.



6 бағыт: «Еңбек» бағыты.

Балалардың еңбек ету арқылы, салауатты өмір салтын үйретуге бағыттау.

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына байланысты ұйымдастырылған 1 - 11 сыныптар арасында макеттер сайысының анықтамасы.

~~02.12.21- 13.12.21 аралығында Еңбек бағытының ұйымдастыруымен мектепшілік сыныптар арасында еліміздік көрнекі ғимараттарының макеттер акциясы өтті.~~

Сайыстың мақсаты: Оқушылардың бойында еліне деген мақтаныш сезімін ұялату.

Сайыстың шарттар:

- Макеттің көлемі
- Эстетикалық қалпы



Сайысты қорытындылауға мұғалім, ата- ана және оқушы бірлестігінен комиссия мүшелері құрылды. Комиссия шешімі бойынша алдын- ала талқыланып, акцияға қатысқан маекттердің көлемі мен эстетикалық қалпына байланысты жоғары 10 ұпайдан берілді. Сайысқа қатыспаған сыныптар да анықталды.



Сонымен сайысмыздың қорытындысы бойынша:

I орын- 7 «Б» 6 «В»

II орын- 5 «Б» 6 «А» 7 «А»

III орын- 5 «Ә» 5 «Г» 6 «Г» 5 «В»

Еңбек бағыты бойынша жетекшілер:

Темирова Д. М

Бәкір М. А

Көшбасшылар:

Смагулов Ж 8 «Ә»

Бегалиев Е 7 «Б»

Чубаева А 3 «В»

«Гүл ғажайып дүние» 1-11 сыныптар арасында кабинет гүлдерінің сайысының қорытынды анықтамасы.

15.11.21- 29.11.21 аралығында Еңбек бағытының ұйымдастыруымен мектепшілік 1-11 сыныптар аралығында гүлдер сайысы өткізілді.

~~Аталған іс-шараның мақсаты оқушыларды өдемілікке, тазалыққа баулу. Сонымен қатар мектебіміздің гүлдерін ұқыпты ұстап, санын көбейту.~~

Сайыстың шарттары:

- Гүлдердің саны;
- Гүлдердің тазалығы;
- Эстетикалық қалпы.

Комиссияның шешімі бойынша алдын- ала талқыланып, гүлдердің тазалығы мен эстетикалық қалпына жоғары ұпай 5 балл деп берілді. Барлық сыныптар қамтылды. Сайысымызды қорытындылауға ата- ана, оқушы және мұғалім үштігінен комиссия мүшелері ұйымдастырылды. Эко әлем бағытынан оқушыларда ат салысты. Сыныптарды аралап, сыныптағы гүлдердің жағдайын белгілі шарттары бойынша баллмен



есептеп шықты.



Кабинеттерді аралау барысында мүлдем гүлі жоқ, сайысқа қатыспаған сыныптар да байқалды. Олар 213, 306, 315, 407 кабинеттер. Сонымен қатар гүлдердің қалпына көп көңіл бөлінбейтіні де анықталды. Ескертулер кабинетке жауапты мұғалімдерге айтылды.



Сайысымыздың қорытындысы бойынша үш орын беріліп, орындарға ие болған кабинеттер анықталды.

I орын- 408 кабинет

II орын -215 кабинет, 216 кабинет

III орын- 313 кабинет, 414 кабинет

Анықталған кемшіліктерді жою мақсатында сайысымызды алдағы уақытта тағы ұйымдастыру жоспарлануда.

Еңбек бағыты бойынша жетекшілер:

Темирова Д. М

Бәкір М. А

Көшбасшылар:

Смагулов Ж 8 «Ә»

Бегалиева Е 7 «Б»

Чубаева А 3 «В»

Эко- әлем бағыты бойынша жетекшісі:

Тулегенова Д

Көшбасшылар:

Дюсекеев А 9 «Ә»

Талғатбек К 7 «В»

7 бағыт: «Зерде» бағыты бойынша:

Мақсаты: Оқушылардың бойында эмоционалды зияткерлікті қалыптастыру. Сонымен қатар, зияткерлік ұстанымды, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, ақпараттық мәдениетті тұлға тәрбиелеу. «Денсаулық пен өмірлік дағдыларды», сондай – ақ кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу.

Оқушылардың ақыл — ой — деңгейін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамытуда басты рөл атқармақ. Бағыт бойынша журналда интеллектуалдық, логикалық сұрақтар, түрлі викториналар және т.б. жарияланады.

Кемелден жолындағы Тәуелсіз Қазақ Елі» тақырыбында халықаралық ғылыми – қоғамдық конференцияға қатысып, 10 «А» сынып оқушысы Нұран Назерке белсенділік көрсетіп, сертификатпен марапатталды.



- 15 – 25 қараша аралығында **«Оқуға құштар мектеп»** жоба аясында «Мен де оқимын, сенде оқы» атты ұлы тұлғалардың шығармаларын оқу сайысы өткізілді. Ұйымдастырушылар оқушылардың оқыған шығармасы бойынша «жасырын сандыққа» салынған сұрақтарға жауап беру арқылы жеңімпаздарды анықтады.
- «Қазақ эпос» республикалық ағарту жобасының «Тұлпар мініп, ту алған» байқауында «Ер Едіге» жырын жатқа айтып, 3 дәрежелі дипломмен марапатталған 7 «Б» сынып оқушысы Серикбаева Майра және жетекшісі Демеуова Лаура Жумабековна. Ақшалай сыйлыққа ие болды. Оқушысына – 250 000 теңге, жетекшісіне – 400 000 теңге.



«Медиатор» бойынша:

«Пресс секретарь» бойынша:

Мәдениет, спорт, зияткер, көптілді министрлердің бағалау ережесі

Орын	Ұпай	Орын	Ұпай
Мектепшілік жарыс		Республикалық жарыс	
I орын	5	I орын	20
II орын	4	II орын	19
III орын	3	III орын-	18
алғыс хат	2	алғыс хат	17
Қалалық жарыс		Халықаралық жарыс	
I орын	10	I орын	30
II орын	9	II орын	29
III орын	8	III орын	28
алғыс хат	7	Алғыс хат	27

Осы бағалау арқылы, 1 – 11 сыныптар арасында рейтинг шығарып отырдық. Алтын, күміс және қола сыныптарды 3 кезеңге бөліп, анықтадық.

The image shows a large, complex table with multiple columns and rows. The table appears to be a detailed ranking or results table, possibly for a competition or event. It contains various numerical data and text entries, possibly representing scores, names, and categories. The table is organized into several sections, with some rows highlighted in different colors (blue, red, green). The text is small and difficult to read, but the overall structure suggests a comprehensive data set.

Қорытынды шығарып, II тоқсан бойынша іс – шараларды жүйелі түрде жоспарладық. Жоспарлау барысында, 7 бағыт бойынша, оқушылар ұйымы мен бірге мектеп әкімшіліктері бірігіп жұмыс жасалатыны жөнінде жоспар құрдық. Әр жоспарда 1 – 11 сыныптар арасында акциялар, челледждер, сайыстар, т.б. іс – шараларды қойдық.

«Менің Отаным Қазақстан»

Тұңғыш Президент күніне арналған мектепшілік сыныптар арасында видео құттықтау ұйымдастырылды.



«Тәуелсіздік қасиетті де, киелі ұғым»

"Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 игі іс" акциясы аясында "Тәуелсіздік-қасиетті де, киелі ұғым" тақырыбында 7-8 сынып оқушылары арасында флешмоб ұйымдастырылды.



«Birgemiz: Taza Alem» жобасы

«Taza Alem» жобасы аясында 27 қараша күні Нұр-Сұлтан қаласының «Хан Шатыр» сауда орталығында эко-фестиваль ұйымдастырылды.

Эко-фестивальда эко-сөмкелерде сурет салу, сабын қайнату, қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау шеберлік сыныптары; оригами, браслет жасау; Tik-Tok түсіру алаңы, эко-квест, жәрменке және арнайы лотерея ойнатылды.

Фестивальдың жеке валютасы – экоүлестер болды. Біздің оқушылар тапсырмалар орындау арқылы белсенділік көрсетті. 55 орта мектеп тәлімгері Демеуова Лаура Жумабековна "Алғыс хатпен" марапатталды.



Жеті бағыт бойынша жарты жылдық салыстырмалы мониторинг.

Бірінші тоқсанда жеті бағыт бойынша жоспар құрылып мектеп әкімшілігі мүшелеріне бөлініп берілді. Сонымен қатар әрбір бағытқа көшбасшы ретінде «Жасұлан» ұйымынан оқушылар бекітілді. Мақсаты оқушыларды мектепшілік жұмыстарға тарту, баулу.

«Еңбек» бағыты бойынша бірінші тоқсанда «Таза сынып» акциясы өткізілді.

«Руханият» бағыты бойынша А. Байтурсыновтың 150 жылдығына орай жоғары сыныптарда «Ахмет- ұлт мақтанышы» тақырыбында эссе сайысы өткізілді. Тағыда жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

«Эко әлем» бағыты «Экология тақырыбын көтерген жас фотограф», ҚТҚ жинау және апталық дәліздегі гүлдерді тексеру акциясы өткізілді.
Жауапты: Тулегенова Д

Екінші тоқсанда әр бағытта жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.
«Еңбек» бағыты бойынша «Гүл ғажайып дүние», Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты макеттер акциясы 1-11 сыныптар арасында ұйымдастырылды.

Жауаптылар: Темирова Д. М, Бәкір М. А

«Салауат» бағыты «Есірткісіз қоғам» сурет байқауы, «Жаман әдеттен жирен» 9 сыныптар арасында видео байқау.

Жауаптылар: Булекбаева И

«Жеті жарғы» бағыты «Құқық- дегеніміз не?» 1-4 сыныптар дөңгелек стол, «Өз құқығыңды білесіңбе?» 6 сыныптар арасында сауалнама алынды, «Әлімжеттік жасай әлсіздік» 7 сыныптар арасында видеоролик, Инспектормен ұйымдасқан түрде «Жастарды қылмысқа баулитын не?» дөңгелек үстелі өткізілді.

Жауаптылар: Ахметова А.С

«Отан» бағыты «Ел аңсаған -Тәуелсіздік» тақырыбында 1сыныптарда сынып сағаты өткізілді.

2- сыныптар арасында «Тәуелсіз елім Қазақстан» мәнерлеп оқу сайысы өткізіліп жеңімпаздар марапатталды.

«Тәуелсіздік тірегім.Қазақстан жүрегім» сурет байқауы 3- сыныптар арасында өткізіліп, барлық сыныптар толық қатысып, 1 орынды 3 «Ә» сыныбы Асерхан Алина,Махамбетұлы Айару, 2-орынды 3 «Ә» сынып оқушысы Токаева АйымАйтымбетова Эльвира,3-орынды 3 «Г» сыныбынан Киселев Давид сынып жетекшісі Жахина Томирис,3 «В» сыныбынан Омарова Анель сынып жетекшісі Коржунгулова Карина иеленді.

4-сыныптар арасында «Көшбасшылыққа бастар жол»: «Не? Қайда? Қашан?» білгірлер сайысы өткізіліп,қатысушылар өздерінің білімдерін,алғырлықтарын сайыс барысында белсене көрсетті.

7- сыныптар «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» презентациялар жасап әлеуметтік желілерге жүктеді.

5- сыныптар «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына құттықтау, тілектер» видео ролик жасап оқушылардыңжасаған видео роликтерінің көркем эстетикалық жағы,дауыс ырғағының анықтығы ескеріліп, ең үздік видео құттықтаулар әлеуметтік желілерге жүктелді.

9- сыныптар арасында Патриоттық ән айту байқауы өткізіліп, өннің тақырыпқа сай болуы, орындау шеберліктері ескеріліп, ең үздік әндер марапатталды.

6- сыныптар «Мен тәуелсіз елдің ұрпағымын» мәнерлеп оқуды видеоға түсіріп жолдады.

10 «А» сыныбы, сынып жетекшісі Оралбаева Н.К. «Тәуелсіздік тірегім» атты сынып сағатын өткізді.

«Зерде» бағыты. «Дарын» бойынша, «Бірге оқимыз» 3 сыныптар арасында кітап оқу акциясы ұйымдастырылды. Жауапты: Ажибаева Ұлжан

8-11 сыныптар арасында мектепшілік олимпиада өтті. Жауапты: Ажибаева Ұ.Б

Олимпиада өткізу барысында, комиссия мүшелері бекітіліп, 6 «А» сыныптың ата – анасы Жұмағұл Арайлым бақылау жүргізді.

«Эко әлем» бағыты

«Сарыға таста» 5 сыныптар арасында оқушылар мен ата - аналардың қатысуымен видеороликтер сайысы өткізілді.

Эко Асар ҚТҚ жинау. 1-11 сыныптар арасында үздіксіз жүріп отырды.

Белсенділік танытқан сыныптар ерекше марапатталынып отырды.


«Грейниктердің басынан өткен оқиғалары» атты тақырыпта

Инстаграмм желісінде 5 - 11 сыныптар арасында бейне түсірілім байқауы ұйымдастырылды.

«Экология және біз». Спорттық сайыс 4 сыныптар арасында өткізілді.

Жеңген сыныптар ұпай сандарымен беріліп, марапатқа ие болды.

Пресс секретарь- 1-11 сыныптар арасында «ең үздік сынып күнделігі» акциясы ұйымдастырылып, шешімі шықты



**Қорытынды
Женген сыныптар**

Бастауыш	Орта буын	Ағарту буын
Алтын сынып: 4 «А» сынып Жетекшісі: Тулегенова Данар 4 «Б» Жетекшісі: Конусова Сандуқаш	Алтын сынып: 7 «А» сынып Жетекшісі: Оралбаева К. К. 6 «Ө» Жетекшісі: Ахметова Б. А.	Алтын сынып: 10 «А» сынып Жетекшісі: Оралбаева Н. К. 9 «В» сынып Жетекшісі: Шаменов А. Б.
Күміс сынып: 1 «Б» сынып Жетекшісі: Дулатхан Қарлығаш 4 «Д» сынып Жетекшісі: Қарбаева Айгүл	Күміс сынып: 5 «Б» сынып Жетекшісі: Исеева Қ. 5 «Ө» сынып Жетекшісі: Дүйсәліева А. А. 6 «В» сынып Жетекшісі: Шаппихина А. Х. 6 «А» сынып Жетекшісі: Темірова Д. М.	Күміс сынып: 11 «А» сынып Жетекшісі: Нұрқина А. М. 8 «Ө» сынып Жетекшісі: Ақтасова Ж. Т.
Қола сынып: 2 «Б»; 3Ө; 2А; 2В; 4Ө; 3А Жетекшілері: Айтлыбетова Э, Нұрматанбетова М. Айдарбекова Ғ, Жахия Т, Дүйсәліева А.	Қола сынып: 7 «Г» 5 «В» 7 «Ө» 7 «Б» 6 «Г» Жетекшілері: Омарова А. Р. Демеуова Л. Ж. Нұраева Н. К. Жамсылбетова Ж. Т. Сырманова Г. Т.	Қола сынып: 8 «В» 8 «А» 9 «А» 8 «Б» 8 «Г» 9 «Ө» сыныптары Жетекшілері: Бұхарбаева Г. Бөкір М, Егібай Б. Нысанбаева С. Ж. Зайтенова К. Д. Аппысбаева А. С.

**Қорытынды
Белсенділікті аз танытқан сыныптар**

0 «А» Айдарбекова Г. М.	6 «Д» Баяхметр А. Ә.
1 «А» Садықова Ж	6 «Ж» Мемешова Р. С.
4 «В» Ермишкина С. Ю.	7 «Е» Демеуова М.
4 «Г» Иштаева С. Д.	

Swot талдау

Мықты жағы (strengths) 1. Оқушылардың әрбір іс – шараларға белсенділігі жоғары болды; 2. Жеті бағыт бойынша «Руханият», «Еңбек», «Зерде» бағыттары жүйелі жұмыстар атқарылды. 3. Оқушылар ұйымы әр іс шараға жан – жақты, белсенділік танытты.	Әлсіз жағы (Weaknesses) 1. Жоспарланған кесте бойынша, мектепшілік іс – шаралардың барлығы толық өткізілген жоқ; 2. Мектепшілік іс - шараларды ұйымдастыру кезінде жарнамалар дұрыс жүргізілмеді; 3. Оқушылар ұйымының көшбасшыларының ауысуы. 4. Сынып жетекшілердің сыныптағы оқушыларды сыныптас тыс іс – шараларға қызықтыру белсенділіктерін арттыру.
Мүмкіндіктер (Opportunities) 1. Тәрбиелік іс-шаралардың өткізу формасын күшейту; 2. Тәрбие жұмысы бойынша сынып жетекшілер жаңа форматтағы тәрбиелеу жүйесін одан әрі жандандыру. 3. Сынып жетекшілердің мектепшілік, қалалық, республикалық байқауларға белсенді сыныптардың қатысуы.	Қауіп - қауіптер (Threats) 1. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің ашылмай қалуы; 3. Оқушылар бос уақыттарын тиімсіз, пайдасыз өткізіп, қауіпті жағдайларға ұшырауы 4. Ата - аналардың сынып жетекшіге деген сенімдігінің жоғалуы;

**«Жеті бағыт» бойынша қаңтар, ақпан, наурыз айында
атқарылатын іс - шаралардың жоспары**

№	Бағыттар	Жетекшісі және көшбасшысы	Іс - шара атауы
1	«Еңбек» бағыты бойынша	Темирова Дамет, Бәкір Маржан, Бағыт көшбасшысы: Дюсекеев Алдияр 9 «А» Бегалиев Елнур 7 «Б» Чубаева Альмира 3 «В»	- «Ең таза сынып» байқауы (1 - 11 сыныптар)
2	«Салауат» бағыты бойынша	Булекбаева Индира Дене тәрбиесі мұғалімдері Бағыт көшбасшысы: Досымбек Райхан 6 «А» Алтаева Аружан 5 «Д»	- «Тазалықты қалаймыз» өлең жаттау (1 - 2 сыныптар) - «Есірткісіз қоғам» сурет байқауы (3- 4 сыныптар) - «Темекі –денсаулық дұшпаны» пікір - сайыс (7 сыныптар) - «Жаман әдеттен – жирен» видеоролик (8 сыныптар)
3	«Жеті жарғы» бағыты бойынша	Ахметова Айна Бағыт көшбасшысы: Қазтаев Ерасыл 10 «А» Акмолдина Дания 7 «Б» Сатыбалдин Асаналі 7 «Б»	- «Өз құқығыңды сақтап үйрен, бірақ басқалардың құқығы бар екенін ұмытпа» дөңгелек үстел (5 сыныптар) - «Өз құқығыңды білесің бе?» сауалнама (6 сыныптар) - «Жастарды қылмысқа баулитын не?» дөңгелек үстел (9 сыныптар)
4	«Отан» бағыты бойынша	Алшинбаев Серік Тулегенова Данар Бағыт көшбасшысы: Нургул Марал 8 «Б» Амангелдина Томирис 5 «А» Байторов Мадия 5 «Ә»	- «Отан сүйген ұланбыз» патриоттық әндер сайысы (1 - 4 сыныптар) - «Тәуелсіздікке 30

			жыл» мөнерлен оқу сайысы (7 сыныптар) - «Тәуелсіздік - мәңгілік елдің тұғыры» кездесу ұйымдастыру (9 сыныптар)
5	«Зерде» бағыты бойынша	Нурмағанбетова Мөлдір (бастауыш сынып) Бағыт көшбасшысы: Мұрат Диас 6 «Ә»	- «Біздер үшін ертегі мектепке келді...» ертегі кітаптарға шолу жасау (1 сыныптар) - «Зерек бала» пәндік сайыс (2 сыныптар)
			- «Үлгілі сынып» байқауы (1 - 4 сыныптар)
		Утаева Г.К. (I ауысым) Бағыт көшбасшысы: Мақсатқызы Ақниет 10 «А»	- «Үлгілі сынып» байқауы (8 - 11 сыныптар)
		Жаксымбетова Жансая (II ауысым) Бағыт көшбасшысы: Дүйсенғалиева Айшабибі 7 «Ә»	- “Оқуға құштар – мектеп, оқуға құштар – ел” Reading challenge байқауы (5 - 7 сынып) - «Үлгілі сынып» байқауы (5 - 7 сыныптар)
		«Дарын» Ажибаева У.Б. Бағыт көшбасшысы: Серикбаева Мөлдір 9 «Ә» Султанкулова Аяулым 5 «В»	- «Ғылыми зерттеу жобасы» байқауы (1 - 11 сыныптар)
6	«Руханият» бағыты бойынша	Шулбаева А.Б. Бағыт көшбасшысы: Жылқыбай Аяжан 10 «А» Балғашева Разия 6 «Б» Тұрсынбай Нурдаулет 7 «Б»	
7	«Экоәлем» бағыты бойынша	Тулегенова Д Бағыт көшбасшысы: Аймағанбет Сабина 8 «А» Талғатбек Каусар 7 «В» Кутенова Назира 7 «Г»	- «ЭкоАсар - игі істер марафоны» ҚТҚ жинау (1 - 11 сыныптар) - «Экология және біз» КВН (9 - 11 сыныптар)
	Пресс секретарь	Актасова Ж.Т.	- «Ең үздік сынып

		Бағыт көшбасшысы: Дулатқызы Жансая 8 «Ә» Серикбаева Майра 7 «Б» Сарина Алина 7 «Ә»	күнделігі» акция (1 - 11 сыныптар)
	Медиаторлар	Демеуова Мадина Мақпал Бағыт көшбасшысы: Альжанова Даяна	- «Оқушылардың мінез – құлықтары» Тренинг (1 – 9 сыныптар)

Ұсыныс

- 7 бағыт бойынша барлық іс – шаралардың уақытылы және жүйелі өтуін қадағалау.
- Ата – аналармен байланысты одан әрі нығайту.
- Әртүрлі акциялар, семинарлар, кездесулерді көп өткізу.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2021 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және 2021 - 2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жасалды

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

Мектебіміздің тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1. Патриотизм мен азаматтық және құқықтық тәрбие
2. Рухани – адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек тәрбиесі мен экономикалық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие
8. Дене тәрбиесі

1). Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана – сезімді, жеке бас бостандығы мен ар – намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық – зомбылық пен агрессиялық ой – пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады.

16 ақпан күнінен бастап, мектебімізде алғыс күніне орай мектеп парламенті ұйымы оқушылар арасында алғыс айтып челендж ұйымдастырды. Оқушылар жоғары белсенділік танытып, ерекше алғыстарын жаудырды.



https://www.instagram.com/p/CaBnvikNvrq/?utm_source=ig_web_copy_link

21 ақпан күні сағат 11:00-де №55 орта мектебінде «Ауғанстан ардагерлеріне тағзым» атты кездесу кеші өткізілді.

Мақсаты:

Білімділігі: Ауған соғысының тарихи мағынасын ашып, оқушыларға түсіндіру. “Ауған соғысы” жайлы тереңірек біліп тану, соғыс ардагерлері туралы мәлімет алу.

Қонақтар: Кіші сержант бөлімше командирі Ерзаков Нуриддин Ибадуллаевич, Капитан Баяхметов Баглан Солтанович, Тәжік ауған шекарасы ардагерлер одағы мүшесі Кузнербаев Айтуған Кулмухаметулы

Кеш барысы келген қонақтармен танысу және өз өмірлеріне қысқаша шолу жүргізілумен басталды. Алғашқы әскери дайындық мұғалімі Алшынбаев Серік пен «Отан» бағытының көшбасшыларымен автоматты шашып, қайта жинау түрлерін көрсете білді.

Оқушылар келген ардагерлерге: Қазіргі бейбіт заман сарбаздарынан қандай батырлық, ерлік қасиеттерін көріпжүрсіз?

- Өз тәжірибеңізден қазіргі жастар өз елінің патриоты ретінде қандай болу керек деп ойлайсыз?

- «Ерлік, батырлық, жауынгерлік» ұғымдарын жастар арасында қалай насихаттаған дұрыс деп ойлайсыз?-деген сұрақтарын қойып жауап алды.

10 сынып оқушыларына анықтама куәлігін тапсыруды марапаттап келген ардагерлердің марапаттауымен ұсынылды.

Кеш барысында 3-4 сынып оқушылары Ауғанстанда болған қақтығыс оқиғалары туралы жыр шумақтарын арнаса, 6 сынып оқушыларынан құралған хор Атамекен әнін айтып өтті. Кеш соңы Ардагерлерге алғыс айтып, алғыс хат ұсынумен аяқталды. Кездесу кеші жоғары деңгейде өтті.



https://www.instagram.com/tv/CaPEXIbAcu0/?utm_source=ig_web_copy_link

21 ақпан күні, «Зерде» бағыты бойынша, "Менің қазақ тіліне деген құрметім" TED x форматы оқушылармен бірге. Қазіргі заманауи оқушылардың жан - жақты дамуына қандай жағдай жасау керек? Ойын еркін білдіре алатын, жан-жақты мықты тұлғаны қалыптастыру үшін

қалай көмектесуге болады? Осы мақсатты жүзеге асыруда TEDx форматындағы шаралардың маңызы зор. «Таратуға тұрарлық идеялар» форматындағы TEDx конференциялары оқушыларды өмір бойы оқуға, әлеуметтік белсенділік, ашықтық, қарапайымдылық, көшбасшылық, құрмет және әлеуметтік маңыздылық сияқты құндылықтарға тәрбиелейді.



https://www.instagram.com/p/CaPNY1Qt96M/?utm_source=ig_web_copy_link

01 наурыз 2022 күні, 3 - 5 сынып арасында өткізілген патриоттық сыныптан тыс сағаттарынан үзінді. Мектеп Ұланбасы Назерке «Отан» бағыты көшбасшыларымен бірге сыныпаралық сыныптан тыс жұмыстарын жоспар бойынша атқарып келеді.



https://www.instagram.com/p/CakXIxXNQQX/?utm_source=ig_web_copy_link

05. 03. 2022 күні 8 наурыз мерекесімен барша ұлағатты ұстаздарымызды құттықтап, «Өзін - өзі басқару» ұйымы Ұланбасы Нұран Назерке оқушылармен мерекелік концерт дайындап, ұстаздарға жақсы көңіл сыйлай білді.



https://www.instagram.com/p/CaudWUbNrKI/?utm_source=ig_web_copy_link

07 наурыз күні «Отан» бағыты бойынша, қалалық "Айбарлы ұрпақ -2022" жас жауынгер ФИНАЛ ойындарының мектеп арасында өткізілген сайысы болды. Бұл сайысқа отан бағытының көшбасшылары белсенділік танытып, мектеп командасы 3ші орынға ие болды. Жетекшісі АӘД мұғалімі Алшынбаев Серік.



https://www.instagram.com/p/Cazke1dtRYd/?utm_source=ig_web_copy_link

14 наурыз күні, «Көрісу» күні мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымы оқушылары жас сарбаздармен сұхбаттасты. Сұхбат барысында оқушылар жеті жарғы,отан, салауат бағыты салаларына назар аударды. Мектеп тәртібі ережелері,ішкі сыртқы тәртіп түрлері де айтылып өтті.



https://www.instagram.com/p/CbF9KrTtyk1/?utm_source=ig_web_copy_link

2. Рухани – адамгершілік тәрбие.

Мақсаты: Оқушылардың адамгершілік келбетін, адамгершілік санасын қалыптастыру. Құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар – ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Мектебімізде "Психология-ғажайып ғылым" атты психология апталығы ұйымдастырылды. 5-11 сынып аралығында тренингтер мен психологиялық ойындар сынып сағаттарында ұйымдастырылды. Апталық барысында сурет түрлерімен танысу, бояумен сырласамын тақырыбында оқушыларды суреттер арқылы бейнелесе, менің күнделікті көңіл күйім тақырыбында әңгіме жүргізілді. Сынып медиаторлары оқушылардан " мектепке қандай көңіл-күймен келдің?" , "қандай көңіл-күймен шықтың?" деп оқушылармен сауалнама жүргізді.Сауалнама барысында әр оқушының ойын тыңдап, мониторинг шығарды.



https://www.instagram.com/tv/CXygclyARF-/?utm_source=ig_web_copy_link

2022 жылғы 01 -11 ақпан аралығында: «Махаббат пен шығармашылық» тақырыбында өзін-өзі тану пәні бойынша он күндігі өтті.

Алғашқы күні ашылу салтанаты барлық оқушы, мұғалімдер арасында таныстырылып қабырға стень шығарылып барлық мектеп оқушылары таныстырылды. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Бейбітшілік пен мейірімділік періштелері» тақырыбында балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылды. Кітапханашы "Мейірім төгетін ана" атты кітап көрмесі жасалды. Өзін-өзі тану мұғалімдері және сынып жетекшілерімен бірге «Махаббат үшін өмір» тақырыбында сабақ өтті. Барлық оқушы, мұғалімдерімен бірге жақсы өтілген сыныптарды грамотамен марапаттап, жеңімпаз оқушыларды марапаттап, ән айтып көтеріңкі көңіл күймен аяқталды.



https://www.instagram.com/tv/CZywjKFgNJe/?utm_source=ig_web_copy_link

16 ақпан – 01 сәуір аралығында, Мектеп Ұланбасы Нұран Назеркенің ұйымдастыруымен мектеп парламенті ұйымы, жасұлан балалары алғыс күніне керемет дайындық жасады. Әр оқушыны өзінің досындай көретін Ұланбасы үнемі қызыққа толы күндер сыйлап, ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік бере отырып, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету арқылы отырыстар өткізіп отырды. Ұланбасының ұйымдастыру қабілеті жоғары болғандықтан, қызықты отырыстар ойдағыдай болып өтті.



https://www.instagram.com/tv/CaC85U2gFfz/?utm_source=ig_web_copy_link

28 ақпан күні, оқушылар ұйымы бірлесе отырып, Алғыс айту күніне арналған "Мың алғыс" челленджін жоғары дәрежеде ұйымдастырды. Әлемнің барлық жаратылыс иесіне өз алғыстарын шынайы білдірді.



https://www.instagram.com/tv/Cahb5-xoAlv/?utm_source=ig_web_copy_link

3. Ұлттық тәрбие.

Мақсаты: Оқушыларды өзінің төл мәдениетін, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасатын салт – дәстүрлерін, әдет – ғұрыптарын сақтауына мүмкіндіктер туғызу. Оқушыларды тәрбиелеуде, ұлттық сана – сезімді қалыптастыру.

2022 жылғы ақпан айының 9-ы күні Нұр-Сұлтан қаласының №55 орта мектебі және Білімді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен қазақ тілі мен әдебиеті сабағында инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың білімін жетілдіру және заманауи сабақтың құрылымы туралы ой бөлісу, тәжірибе алмасу мақсатында «қазақ тілі мен әдебиетін оқыту: инновациялық әдістер мен озық тәжірибе» тақырыбында қалалық вебинар өтті.

Аталмыш іс-шараны ББЖО әдіскері Маманова Жанар Сейдахметқызы бастап, №55 орта мектеп директоры Д. Рахимберлина «Тілді оқытуда инновациялық технологиялардың тиімділігі» тақырыбы бойынша сөз алды.

Аталмыш вебинардың тәжірибелік бөлімі ZOOM платформасында 3 секция залдарына бөлініп, жалғасын тапты.

Іс-шара ақиық ақын, қазақтың біртуар азаматы Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Есіңе мені алғайсың...» атты әдеби-сазды кешпен жалғасты. Оқушылардың бойынан нағыз актерлік қабілеттері білінді. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, осы тәрбие сағатын барлығы белсенділік танытып, ойдағыдай атқарып шықты.



https://www.instagram.com/tv/CZwrCywAF4t/?utm_source=ig_web_copy_link

01 наурыз 2022 күні, Мектеп Ұланбасының бастауымен оқушылар ұйымы сыныптас тыс жұмыстарын да жүзеге асырды. Алғыс сөздері - адамды тыныштандыру, жүрегін жылытудың бірден - бір амалы. Бастысы, алғысыңыз жүректен шығуы шарт. 1 Наурыз күні өзін - өзі басқару ұйымының оқушылары алғыс күніне "Достық" емханасы ұжымындағы ақ халатты абзал жандарға, аудан бойынша учаскелік полиция қызметкерлеріне, мектеп маңында тұратын ардагер әжеге барып өз алғыстарын білдірді.



https://www.instagram.com/tv/Cakmf7Lg-Qz/?utm_source=ig_web_copy_link

04. 03. 2022 күні, 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай ұйымдастырылған, «Бұрымды қыз» байқауы мектепшілік сайысы өз деңгейінде өтті. Мектебіміздің әдемі де, сұлу және көрікті, бұрымды қыздары сайысқа түсті. Сайыс 9 сыныптардың қыздары арасында өтті. Сайысқа бұрымды қыздары жоғары белсенділік таныта білді.



https://www.instagram.com/tv/Ca9nahqoNc9/?utm_source=ig_web_copy_link

15 наурыз күні, мектебімізде «Жайлау» күні аталып өтілді. Мектеп Парламенті ұйымы Отан, Зерде, экоалем, еңбек бағыты ұйымдастыра отырып, мектепте «Жайлау» күнін ұйымдастырды. Мектеп Ұланбасы Нұран Назерке оқушыларға бағыт бере отырып, әр күнге есеп берумен бірге оқушыларды еңбекке баулуға, белсенділік танытуға, ұлттық тәрбиеге бет бұруға септігін тигізді.



https://www.instagram.com/tv/CbIXod6AZTz/?utm_source=ig_web_copy_link

4. Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру.


Мақсаты: Отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдылық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт – дәстүр сабақтастығы мен сүйіспеншіліктерін нығайту.

Ғылым бәсекесінің алғашқы әрі маңызды басқышы – пән олимпиадасы. Мектеп психологтары мен мектеп медиаторлары Демеуова Мадина және Дүкенбаева Мақпал Ерғалиқызы. Оқушылар ұйымымен байланыс жасай отырып, оқушыларға психологиялық тренинтер өткізіп көмек берді. Пән олимпиадасына дайындық, адамның мидың ең жоғары қабылдау кезеңінде басталатындықтан, ол оқушылардың логикалық ойлау формасын дамытып қана қоймай, ғылымға деген көзқарасын қалыптастырып, болашақ бағдарын айқындайтын тамаша ғылыми ізденіс. Егер сапалы және жүйелі дайындық жүргізілсе, баланың ми клеткалары сапалы қозғалысқа келіп, оқушының алғырлығы арта түсетіні ғылымда дәлелденіп келеді. Сапалы әрі жүйелі дайындық — тек баланың ғылымға ғана көзқарасын қалыптастырып қоймай, болашаққа деген нық сенімін орнатып, өзіне деген сенімін нығайтып, биік мақсаттар қоя алатын тұлға тәрбиелеудегі тамаша дағды.



https://www.instagram.com/p/CZ86vVmMNZU/?utm_source=ig_web_copy_link

19 наурыз күні, мектебімізде 5 - 10 сынып оқушыларының арасында "Наурыз көже мейрамы" өткізілді. Сыныптар берілген сұрақтарға жауап беріп, наурыз көжеден дәм таратып, ұсынды. Әділ - қазы мектептегі үштік одақтан құралған мұғалім, ата - ана, оқушылардың бағыт көшбасшылары арқылы әділ бағаланды. Бұл сайыс жоғары деңгейде өтті.



https://www.instagram.com/tv/CbQW_6UAz1f/?utm_source=ig_web_copy_link

5. Білім алушылар бойында еңбек тәрбиесін, экономикалық және экологиялық тәрбиені қалыптастыру.

Мақсаты: Оқушыларға экономикалық және экологиялық тәрбие беру арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру. Туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал ету. Білім алушылардың өзін – өзі кәсіби анықтауында мамандық таңдауына көмектесу, үлес қосу.

27 қаңтар 1-10 сынып бойынша "Экология және біз" тақырыбында сынып сағатты ұйымдастырылды. Жалпы экологиялық сынып жұмыстары оқушыларды қоршаған орта мен табиғат аясына немқұрайлы қарамай, тазалықтың маңызын жете түсіндіру, оқушылардың бойында экологиялық мәдениеттің дағдыға айналуына жәрдемдесу, еңбек арқылы табиғатты күтіп ұстауға үйретуді мақсат етті.



[https://www.instagram.com/tv/CZO5rs3qXAc/?utm_source=ig_web_copy_l
ink](https://www.instagram.com/tv/CZO5rs3qXAc/?utm_source=ig_web_copy_link)

2022 жылғы 14 - 23 ақпан аралығында Нұр-Сұлтан қаласының №55 орта мектеп аумағында "Жолдардағы балалардың қауіпсіздігі" атты Республикалық жедел алдын алу іс - шарасы жоғары дәрежеде өткізілді.

Іс - шараның мақсаты: балалардың жол - көлік жарақаттарының деңгейін төмендету, сондай - ақ кәмелетке толмағандардың жолдардағы қауіпсіз мінез - құлық дағдыларын нығайту.




https://www.instagram.com/p/CZ846KdslfB/?utm_source=ig_web_copy_link

6. Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: Білім алушыларға эстетикалық сананы, эстетикалық талғамды қалыптастыруға септігін тигізу. Ұлттардың, діни сенім өкілдеріне толерантты көзқарасты қалыптастыруға бағытталу.

01 наурыз 2022 күні оқушылар ұйымының ұйымдастыруымен өткен, Әкемізге мың алғыс атты қолдан ашықхат жасау сайысы өтті. Бұл сайыстың мақсаты әкеге деген құрметі, ізеттілікті білдіреді. Оқушалар барынша ат салысып, белсенділіктерін көрсетті.



https://www.instagram.com/tv/CakYFufgmD-/?utm_source=ig_web_copy_link

01 наурыз күні, «Өзін - өзі басқару» ұйымы 1 наурыз АЛҒЫС күніне ұстаздарға керемет көңіл күй сыйлай білді. Барша ұстаздарға алғыс өлең шумақтарын оқып, алғыс тілектер қағазы таратылды. Шәкірт алғысы ұстаздар қауымы үшін ең керемет бақыт.



https://www.instagram.com/tv/CakcuMSgWWZ/?utm_source=ig_web_copy_link

Наурыз мейрамына байланысты 0 - 10 сыныптар аралығында «Еңбек» бағытының ұйымдастыруымен көрме сайысы өткізілді. Сайыстүрлері:

0-1 сыныптар: Ұлттықою-өрнектер

2 сыныптар: сандық, көрпешелер

3 сыныптар: Киізүйдің макеттері

4 сыныптар: Ұлттықидыс-аяқтармакеттері

5 сыныптар: Ұлттықаспаптар

6 сыныптар: Ұлттықкиімдер

7 сыныптар: Ұлттықәшекейбұйымдар

8 сыныптар: Аңшылық, саятшылық

9-10 сыныптар: «Батырдың бес қаруы» (найза, балта, шоқпар т.б)

Сонымен қатар сайыстың негізгі шарты бойынша макеттер қайтарымысыз, мектептің мұражайына қалу керек және сол бойынша бағаланды. Көрмеге қойылатын макеттерді сыныптар 01.02-11.03.22 аралығында жинап, аталған мерекелік көрменің құрылуына атсалысты. Сайыскритеріі:

-Жұмыстыңсапасы

-Эстетикалықталғамы

-Өлшемі: ені 35см, ұзындығы 35см, биіктігі 35см

Сайыста макеттерді бағалау 5 баллдық жүйемен бағаланды. Сайыстың қорытындысын шығаруға үштік одақтан әділ- қазы құрылды. Ата- ана, оқушы және мұғалімдердің шешімімен жүлдегер сыныптар анықталып марапатталады. Көрме сайысына қатысқан сыныптар да мақтау қағаздарымен марапатталды.



https://www.instagram.com/tv/Ca-DaZPAPSQ/?utm_source=ig_web_copy_link

7. Зияткерлік тәрбие.

Мақсаты: Оқушылардың бойында эмоционалды зияткерлікті қалыптастыру. Сонымен қатар, зияткерлік ұстанымды, әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, ақпараттық мәдениетті тұлға тәрбиелеу.

11.01.2022ж 55орта мектепте Тедх форматындағы педагогикалық кеңес
Онда: өткізілді.

1. АКТ-ні оқу процесінде қолдану;
 2. Жеке тұлғаның қалыптасуындағы сынып жетекшінің рөлі;
 3. Сапаны жақсартудағы "Сұрақ қою" әдісінің тиімділігі;
 4. Менің тәжірибемдегі бағалау критерийлері мен дескриптор;
 5. Технологияны қолдану - сабақты жақсартудың рөлі;
 6. Оқушыларға тапсырмаларды АКТ арқылы тарату;
 7. Оқу сапасын арттырудың жолы - АКТ қолдану;
 8. Әлеуметтік желі ақпарат құралы тақырыптарында спикерлер өз тәжірибесімен бөлісті.
- Педагогикалық кеңеске 44,33 мектеп ұстаздары қатысып, ойларымен бөлісті. Әр ұстаз кері байланысын padlet тақтасы арқылы жіберді.



https://www.instagram.com/p/CYltbfLtjxh/?utm_source=ig_web_copy_link

17 ақпан күні «Зерде» бағыты бойынша «Дарын» бөлімінде мектебімізде 5 - сыныптар арасында "XXI ғасыр көшбасшысы" атты интеллектуалдық сайыс жоғары деңгейде өтті. 4 кезең бойынша топтар жарыса отырып, белсенділік танытты. 1 кезең: "Таныстыру бөлімі" (әр сынып өздерін әр түрлі форматта таныстырды)

2 кезең: "Бәйге бөлімі" (мұнда барлық қатысушыларға ортақ 18 сұрақ қойылды. Оқушылар бірден жауап беру керек, білмесе сұрақ одан әрі оқыла берді).

Ұпай саны кезең соңында анықталып отырды.

3 бөлім: "Ғажайып сандар" (қазақ тілі, әдебиет, математика пәндері бойынша және логикалық сұрақтар ашылу арқылы ұшықтар таңдалынып отырды. Оқушылар таңдаған ұшықтарына байланысты жауап беріп, тиісті ұпайларын алып отырды).

4 бөлім: "Жорға бөлімі" (бұл бөлімінде, топ басшылары ғана сайысқа түсті. 5 секунд ішінде жауап беру тиіс. Берілген сөздерді дұрыс аудармасын табу болды).

Сайыстың соңында жүлделі орындармен марапаттап, М.Мақатаевтың өлеңімен аяқтады. Сайыс өте керемет өтті. Оқушыларға ұнады.



https://www.instagram.com/p/CaEQ1bJsgQE/?utm_source=ig_web_copy_link

2022 жылдың 3 - 4 ақпан аралығында «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және сүйемелдеу орталығы оқушылардың интеллектуалдық –шығармашылық деңгейін көтеру, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, балалардың фундаменталды және қолданбалы ғылымға қызығушылығын арттыру мақсатында 2 - 7 сынып оқушыларына арналған Ұлттық «Зерде» балалардың зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсын өткізген болатын. Мектепішілік кезеңнен 12 оқушы оза шауып, 5 оқушы қалалық кезеңге жолдама алды. Нәтижесінде 4 оқушымыз жүлделі орындарға ие болды. Исаева Қаракөз Жарқыновнаның жетекшілігімен 7-сынып оқушысы Абдрашева Назерке «робототехника» секциясы бойынша «Физикалық құралдар» тақырыбында өз жобасын қорғаған, III орынға ие болды. «Тарих» секциясына үш оқушымыз қатысып, үшеуі де III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Жұмағали Адина мен жетекшісі Оралбаева Күнсұлу Керимбайовна «Қазақ хандығы. Керей мен Жәнібек» тақырыбында, 6-сынып оқушысы Ералы Бақтылы мен жетекшісі Ажибаева Ұлжан Батырханқызы «Қазақтың ырым, тыйым сөздері – ұлттық тәрбие көзі», ал Серикбаева Мөлдір мен жетекшісі Демеуова Лаура Жумабековна «Қазақтың ырым, тыйым сөздері» тақырыбында өз жобаларын ұсынды. Мектептің намысын қорғап, ғылым жолына бет бұрған мектебіміздің жас ғалымдарына, жетекшілері мен ата-аналарына мектеп директоры Рахимберлина Дидар Алимовна өз алғысын білдіріп, ғылым жолында биік белестерді бағындыра берулеріне тілектес екендігін айтты.



https://www.instagram.com/p/CaURKddsxn1/?utm_source=ig_web_copy_link

17 наурыз «Зерде» бағыты бойынша, мектебімізде «Дебат» клубы өз жұмысын жүзеге асырды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев "Жаңа Қазақстан Жаңарту мен Жаңғыру жолы" атты Қазақстан халқына жолдау жариялады. Осыған орай №55 орта мектепте "Парасат" дебат мүшелерімен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты: Жолдауда халқымыздың Жаңа Қазақстанның жарқын болашағына жол ашатын мәселелерді талқылауын тыңғылықты түсіндіру. Дебат мүшесі Омарова А және Ибраева Н.Қ., Дүйсалиева А.А қазіргі негіздегі білім, денсаулық саласына қатты көңіл бөлу керектігі туралы өз ой пікірін ортаға салып бөлісті. Сонымен қатар елдегі террорлық әрекеттерге жол бермеу керектігі, елге тыныш бейбіт өмір керектігі туралы да өз ойларын ортаға салып бөлісті. Дебат мүшелері Президент жолдауын түсініп, талқылап одан әрі қарай мемлекетіміздің гүлденуіне үлес қосатындарын айтып өтті. Бұл клубтың жүзеге асырылуына «Зерде» және «Дарын» бағытының көшбасшылары өз үлестерін қосып, белсенді жұмыс атқарды.



https://www.instagram.com/p/CbNBH9DNIuW/?utm_source=ig_web_copy_link

8. Дене тәрбиесі.

Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.




Жарқыра!

Будь

ярче!

☐ Жарық шағылыстыратын киім жүргізушіге көмектеседі. Себебі балалардың жолдан өту ережесіне жарық түсіргіш элементі бар киімдер әлдеқайда қараңғы уақытта жақсы көрінуге себебін тигізеді. Сондықтан балалар киімдеріне, сәмкелерінде арнайы белгі болғаны өте жақсы әрі қауіпсіз.



https://www.instagram.com/tv/CZJi2WpqDq4/?utm_source=ig_web_copy_link

10 ақпан күні. Тоғыз құмалақтан 5 - 6 сыныптар арасында қалалық жарыс ұйымдастырылды. №55 орта мектептен 1 - топ Ержанұлы Мақсат, Жолдыбай Ахмет, Бекбосынова Лаура, Асылбек Гүлнұр; 2-топ Досымбек Райхан, Жұмақұл Кәусар, Сайлаубек Ерхан, Кайбулла Айболат оқушыларымыз белсенді қатысты. Бұл жарыс оқушыларды жігерлендірді. Жарыста өздерін жоғары дәрежеде көрсетіп, марапатқа ие болды.



https://www.instagram.com/p/CZy66YhtWnI/?utm_source=ig_web_copy_link

17 ақпан күні. Балалар жылына арналған мектебімізде оқушылар комитетінің «Салауат» бағыты бойынша 7 - 8 сынып оқушылары арасында мектеп лигасы шеңберінде тоғызқұмалақ ойыны ұйымдастырылды. Ойынға қатысып, жүлделі орынға ие болған оқушыларымыз марапатталды. Үнемі оқушыларды дайындап, әртүрлі жарыс ұйымдастырып жүрген, дене шынықтыру мұғалімдері мен салауат бағытының көшбасшылары.



https://www.instagram.com/p/CaESZalMjjQ/?utm_source=ig_web_copy_link

13 наурыз 2022 жылы. «Жас Ұлан» ұйымының салауат бағыты бойынша ұйымдастырылған футбол жарысы өткізілді. Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған футбол жарысы Мектепшілік жарыс 7 - 8 сынып оқушыларының арасында өткізілді, әр қатысқан сыныптар белсенділік таныта білді. Қатысқан сыныптарды марапаттап, арнайы сыйлықтармен тарту етілді.

Бірінші орын: 8"А"

Екінші орын: 8"Б"

Үшінші орын: 7"Ә"



https://www.instagram.com/tv/CbC_E51gCXf/?utm_source=ig_web_copy_link

Мектептегі оқушылардың арасында зиянды заттарды қолданудың алдын алу мақсатында жүргізілетін іс-шара: Оқушылардың арасында зиянды заттарды қолданудың алдын алу мақсатында іс-шаралар 14.03-18.03.2022ж мерзімі кезеңінде өткізілді. Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы өкілдері, соның ішінде медиатор қызметін негізінде "СӨС арналған Пульс" тақырыбында мектеп газеттерінің қабырғасы дайындалып ұйымдастырылды. Оқу жылы барысында өз қызметтерін ұйымдастыру барысында туындайтын мәселелермен жұмыс жүргізу мақсатында кеңесу алаңында сыныптағы зиянды әдеттермен әуестенген балаларды анықтау, жәрдем ету кездесуі өтті. «Сау болу сәнді», «Жаман әдеттен сақтан!», «Зиянды заттардан аулақ болайық!», Салауатты өмір салтының негіздері тақырыбы аясында сынып

жетекшілердің ұйымдастыруымен тәрбие сағаттары өткізілді. «Азғыруға берілме ... » тақырыбында мектеп психологтары Демеуова М.С., Дүкенбаева М.Е 5-11 сынып оқушыларымен әңгімелесулер өткізді. «Достық» ПСМП орталығының меңгеруші терапевт дәрігері Ногаева Р.А «Алкогольдік, психоактивті заттардың адам денсаулығына әсері және олардан бас тарту тәсілдері» тақырыбында оқушылар арасында лекция өткізді.



https://www.instagram.com/p/CberR27NDD3/?utm_source=ig_web_copy_link

Алтын, күміс, қола сыныптар атағына не болу

Мәдениет, спорт, зияткер, көптілді министрлердің бағалау ережесі

Орын	Ұпай	Орын	Ұпай
Мектепшілік жарыс		Республикалық жарыс	
I орын	5	I орын	20
II орын	4	II орын	19
III орын	3	III орын-	18
алғыс хат	2	алғыс хат	17
Қалалық жарыс		Халықаралық жарыс	
I орын	10	I орын	30
II орын	9	II орын	29
III орын	8	III орын	28
алғыс хат	7	Алғыс хат	27

Осы бағалау арқылы, 1 – 11 сыныптар арасында рейтинг шығарып отырдық. Алтын, күміс және қола сыныптарды 3 кезеңге бөліп, анықтадық.

The image shows a large, detailed table with multiple columns and rows. The table is divided into several sections with headers in Russian. The columns include names, scores, and other performance metrics. The rows list numerous individuals, possibly students or athletes, and their results across different categories. The table is quite dense with data, including various numerical values and names in Cyrillic script.

Қорытынды Женген сыныптар		
Бастауыш	Орта буын	Жоғары буын
Алтын сынып: 4 «Ә» сынып Жетекшісі: Дүйсалиева Айгүл	Алтын сынып: 6 «Б» сынып Жетекшісі: Түлебаева Айсулу 3 6 «Ж» Жетекшісі: Мемешова Риза	Алтын сынып: 9 «В» сынып Жетекшісі: Шакенова Айдана 10 «А» сынып Жетекшісі: Оралбаева Нұрсұлу К
Күміс сынып: 4 «В» сынып Кл. Рук: Ермишкина С. Ю. 3 «Ә» сынып Жетекшісі: Айтмбетова Эльвира	Күміс сынып: 5 «В» сынып Жетекшісі: Демеуова Лаура 7 «Г» сынып Жетекшісі: Омарова Анар 5 «Д» сынып Жетекшісі: Таттыбаева Гульсум Д 6 «Ә» сынып Жетекшісі: Ахметова Бибисара 7 «А» Оралбаева К.К	Күміс сынып: 8 «А» сынып Жетекшісі: Бәкір Маржан 9 «А» сынып Жетекшісі: Егізбай Бақытжан 11 «А» сынып Жетекшісі: Нуркина Ақжан
Қола сынып: 4 «А» сынып Жетекшісі: Түлегенова Данар	Қола сынып: 5 «Ә» 6 «А» 6 «К» 7 «Б» 6 «Е» 5 «Б» Жетекшілері: Дүйсалиева А. Темирова Д.М. Сейдахметова Ж.М. Жақсымбетова Ж.Т. Амангелді Д. Исмаева Қ.	Қола сынып: 9 «Ә» сынып Жетекшісі: Алпысбаева Альмира С 8 «Ә» 8 «В» 8 «Б» сыныптар Жетекшілері: Ақтасова Жанарке Т. Бұкарбаева Гульсара А. Нысанбаева Сәндігүл Ж.

Қорытынды шығарып, ІІІ тоқсан бойынша іс – шараларды жүйелі түрде жоспарладық. Жоспарлау барысында, 7 бағыт бойынша, оқушылар ұйымы мен бірге мектеп әкімшіліктері бірігіп жұмыс жасалатыны жөнінде жоспар құрдық. Әр жоспарда 1 – 11 сыныптар арасында акциялар, челледждер, сайыстар, т.б. іс – шараларды қойдық.

№	Бағыт	Жетекшісі және көмекшісі	Іс-шаралар атауы
1	Еңбек бағыты	Бәкір Маржан, Мади Бағыт көмекшісі: Дюсқан Алдияр 9 а сынып Бегалиев Есенур 7 б сынып Чубаева Альмира 3 а сынып	«Гүл гажайыт дүниесі» сынып гүлдері сайысы 1-11 сыныптар Ең таза сынып байқауы 1-11 сынып
2	Салыпат бағыты	Булекбаева И Бағыт көмекшісі: Кенесбай Гүлнәр 9 а сынып Досымбек Райхан 6 а Алтаева Аружан 5 д	«Тазалықты қалаймыз» өлең жаттау 1-2 сыныптар «Есірткісіз қоғам» сурет байқауы 3-4 сынып «Нашақорлық ғасыр дерті» тәрбие сағаты 5 сынып, «Темекі тартқанын өзіңді құртқанын» тәрбие сағаты 6 сынып, «Темекі – денсаулық қушпаны» пікірталас 7 сынып, Жамаң әдеттен жерен вицеоролық 8 сынып
3	Жеті жолғы бағыты	Ахметова А.С. Бағыт көмекшісі: Қаспаев Ералы 10 а сынып, Ахмедовна Дания 7 б сынып, Сығымбаев Асанәлі 7 б сынып	1. 1-4 сынып «Құрлық дегеніміз не?» сынып сағаты; 2. 5 сынып «Өз құрлықыңды сақтап ұйраң, ыраң» бескөтеріңкі құрлық. Бар екендігіңді білесің бе?» 3. 6-сынып «Құрлықыңды білесің бе?» 4. 7-сынып «Сүйсізеттік жасау алдында» вицеоролық жасау; 5. 8 сынып Мәлім құрлықтың алаңына дебат; 6. «Жастардың құрлыққа бауытын не?» 9 сынып дебат; 7. «Мәлім формасын көрсетің» дебат 10-11 сынып
4	Отан бағыты	Алишбаев С. Бағыт көмекшісі: Нұргүл Мірәлі 8 сынып, Амангелді Төмлеріс 3 а, Байтөре Мадия 5 а сынып	«Отан сүйген ұланбыз» патриоттық әндер сайысы 1-4 сынып, «Мен Тәуелсіз елдің ұланымын» тапсырма 5-6 сынып, «Тәуелсіздікке 30 жыл» минерал оқу сайысы 7 сынып «Тұңғыш біз Тәуелсіздік» ашық тәрбие сағаты 8 сынып «Тәуелсіздік мәңгілік елдің тұңғысы» кездесу ұйымдастыру 9 сыныптар «Жалтараңда ұшқан жәуқалың» 10-11 сынып ашық тәрбие сағаты

5	Зерде бағыты	Нұрмағанбетова М. Бағыт көшбасшысы: Мақсатпазы Ақмет 10 а сынып	«Біздер үшін ертегі мәңгілік жаян» ертегі кітаптарға шолу жасау.1- сыныптар «Зерек бала» пәлестік сайыс 2 сыныптар «Бірге оқымаз» 3 сыныптар «Бағытты балалық шаға» 4 сынып бланш турнир Үлгілі сынып байқауы 1-4 сыныптар "Оқуға құштар – мектеп, оқуға құштар – ел" 5-8 сынып. Reading challenge байқауы Үлгілі сынып байқауы 5-7 сыныптар Үлгілі сынып байқауы 8-11 сыныптар Ғылыми зерттеу жобасы байқауы 1-11 сыныптар
		Жасымбетова Ж.Т. Дүйсенғалиева Айымбибі 7«а» сынып Утаева Г.К. Аманбаева У.Б. Сұлтанқұлова Ақулым 5«а» сынып	
6	Руханият бағыты	Темнирова Д.М. Шулабаева А.Б. Бағыт көшбасшысы: Жылқыбай Ақжан 10 а Балташева Разия 6 б Тұрсынбай Нұрділдәт 7 а сынып	«Тәуелсіздік» мәңгілік елдің тұңғышы 8-11 сыныптарда «Торлет құтты жаңа жыл» көш байқауы 1-11 сынып
7	Эко әлем бағыты	Түлегенова Д. Бағыт көшбасшысы: Айтмағамбет Сабина 8 а Талғатбек Каусер 7 к Кутенова Назира 7 г	Эко Асартігі істер марафоны ҚТҚ жинау 1-11 сынып Грейнбектердің басынан өткен оқиғалары 1-4 сынып аудио бейне жазу. Сарыға таста отбасылық видео 5-сыныптар Қалыңты көпеге жарату 6 сынып «Мен экологерым» видео байқауы 7-8 сынып Экошырың шырша беземдіру ойыншығы 1-8 сынып «Экология және біз» жән 9-11 сыныптар
	Пресс секретарь (Әр бағыт бойынша, видеограф пен пресс секретарь болады)	Ақтасова Ж.Т. Бағыт көшбасшысы: Сәриқбаева Майра 7 «Б» сынып Дулатқызы Жансақ 8 «Ә» Сарина Алма 7 «Ә» Дәулетбек Габит 7 «Б» сынып	«Ең үздік сынып күнделігі» акция 1-11 сынып

Swot талдау

Мықты жағы (strengths) 1. Бөлекбө, Ақпай күі сынып саяттары сынып жетекшілер 50 пайыз өтеді. Осының ішінде жоғары деңгейде өткізген сыныптар: 0 «А», 1 «Ә», 1 «Б», 2 «Б», 2 «Г», 3 «А», 3 «Б», 3 «Г», 4 «А», 4 «Б», 4 «Г», 4 «Г», 4 «Д», 5 «Б», 5 «Г», 6 «А», 6 «Б», 7 «А», 7 «Б», 8 «А», 9 «Б», 10 «А» 1. Осының ішінде жоғары деңгейде өткізген сынып жетекшілер: Дамарова С.Ю., Оразбаева К. К., Демірова Л. Ж., Қоңғасова С. А., Оразбаева Н. К. 2. Тақараттық атқандарына қарағанда барлық сынып жетекшілер 100% өтеді. 3. 1 топқада оқушылардың ақыл мәртебесіне, республикалық, елділік, халықаралық жетекшілері көп болды. Олар: 4 «Ә», сынып, 5 «Б», 5 «Г», 6 «Б», 6 «Б», 6 «Б», 6 «Б», 7 «А», 7 «Г», 8 «Б», 9 «Б», 10 «А» және 11 «А» Сіз байланыс біздің сыныптарымыз бағытына	Әлсіз жағы (Weaknesses) 1. Жалпы белсенділік көрсетпеген сыныптар: 5 «А», 5 «Г», 6 «Б», 6 «Г», 6 «Д», 7 «Ә», 7 «Б», 7 «Д», 7 «Б», 8 «Г», 8 «Д», 9 «Б», 9 «Г», 9 «Д», 1 «А», 2 «А» 3. Тәрбие бағытында оқушылардың марапаттарының жеткіліксіздігі. 4. Өткізілген сынып сағаттарының фото, анықтамаларын толық жібермеуі. 5. Сынып жетекшінің ата-аналармен байланысының жеткілікті болмауы 6. Ұстаздардың оқушыларының түсініктеме жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі 7. Ата – аналардың біріккен жұмыстың болмауы
Мүмкіндіктер (Opportunities) 1. Оқушылар форматта тәрбиелік іс-шаралардың өткізу формалары күшейту 2. Тәрбие жұмысы бойынша белгілі арттыру курстарына сынып жетекшілері көбірек қатыстыру 3. Сынып жетекшілерге «балалық жаңа әдістер арқылы тәрбиелеу» тақырыбында оқушылар өткізу 4. Сынып жетекшілердің қалалық, республикалық байқауларға белсенді қатыстыру	Қауіп-қатерлер (Threats) 1. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің ашылмай қалуы 2. Сынып жетекшілердің ақпараттарды толық қызықты жеткізбеуі 3. Оқушылар бос уақыттарын тиімсіз, пайдасыз өткізіп, қауіпті жағдайларға ұшырауы 4. Ата-аналардың сынып жетекшіге деген сенімділігінің жоғалуы.

III тоқсан бойынша жоспарланған кесте бойынша әртүрлі іс – шаралар өткізіліп отырды.

№	Бағыт	Жетекшісі және көшбасшысы	Іс-шара атауы
1	Еңбек бағыты	<u>Бәкір Маржан, Темірова Дамет Махметовна</u> Бағыт көшбасшысы: Смагулова Жомарт 8 а сынып Бегалиев Елнур 7 б сынып Турапина Полина 4 в сынып	«Гүл ғажайып дүние» сынып гүлдері сайысы 1-11 сыныптар Ең таза сынып байқауы 1-11 сынып
2	Салауат бағыты	<u>Бүлекбаева И. Косжанов Айбек</u> Бағыт көшбасшысы: Кенесбай Гүлназ 9 а сынып Досымбек Райхан 6 а Алтаева Аружан 5 д	«Тазалықты қалаймыз» өлең жаттау 1-2 сыныптар «Есірткісіз қоғам» сурет байқауы 3-4 сынып «Нашақорлық ғасыр дерті» тәрбие сағаты 5 сынып, «Темекі тартқаның өзінді құртқаның» тәрбие сағаты 6 сынып, «Темекі – денсаулық дұшпаны» пікірсайыс 7 сынып, Жаман әдеттен жирен видеоролик 8 сынып
3	Жеті жарғы бағыты	<u>Ахметова А.С.</u> Бағыт көшбасшысы: Қазтаев Ерасыл 10 а сын, Акмолдина Дания 7 б сынып, Сатыбалдин Асаналі 7 б сынып	1. 1-4 сынып «Құқық дегеніміз не?» (сынып сағаты) 2. 5 сынып. «Өз құқығыңды сақтап үйрен, бірақ басқалардың құқығы бар екенін ұмытпа» дөңгелек үстел 3. 6-сынып сауалнама «Өз құқығыңды білесің бе?» 4. 7-сынып «Әлімжеттік жасау әлсіздік» видеоролик жасау 5. 8 сынып Менің құқықтық алаңым дебат 6. «Жастарды қылмысқа баулитын не?» 9 сынып дөңгелек үстел 7. «Мектеп формасы керекпе?» дебат 10-11 сынып
4	Отан бағыты	<u>Алшинбаев С. Түлегенова Данар</u> Бағыт көшбасшысы: Нургүл Марал 8 б сынып, Амангелдина Томирис 5 а, Байторов Мадия 5 а сынып.	«Отан сүйген ұланбыз» патриоттық әндер сайысы 1-4 сынып. «Мен Тәуелсіз елдің ұланымын» челлендж 5-6 сынып «Тәуелсіздікке 30 жыл» мәнерлеп оқу сайысы 7 сынып «Тұғыры биік Тәуелсіздік» ашық тәрбие сағаты 8 сынып «Тәуелсіздік мәңгілік елдің тұғыры» кездесу ұйымдастыру 9 сыныптар «Желтоқсанда үзілген жауқазын» 10-11 сынып ашық тәрбие сағаты
5	Зерде бағыты	<u>Нұрпағанбетова М.</u> Бағыт көшбасшысы: Мақсатқызы Ақмет 10 а сынып <u>Жақсығабетова Ж.Т.</u> Дүйсенғалиева Айшәбибі 7 «а» сынып <u>Утаева Г.К.</u> <u>Ажипбаева У.Б.</u> Серікбаева Мөлдір 9 «Ә» сынып	«Біздер үшін ертегі мектепке келді.» ертегі атаптарға шолу жасау 1- сыныптар «Зерек бала» логдік сайыс 2 сыныптар «Берге озылғы» 3 сыныптар «Бақытты балалық шақ» 4 сынып блық турнир Үлгілі сынып байқауы 1-4 сыныптар “Оқуға құштар – мектеп, оқуға құштар – ел” 5-8 сынып. Reading challenge байқауы Үлгілі сынып байқауы 5-7 сыныптар Үлгілі сынып байқауы 8-11 сыныптар Ғылыми зерттеу жобасы байқауы 1-11 сыныптар
6	Руханиет бағыты	<u>Шұлбаева А.Б.</u> Бағыт көшбасшысы: Жылыбай Ажжан 10 а Балғашева Разия 6 б Тұрсынбай Нұрдаулет 7 в сын.	«Тәуелсіздік- мәңгілік елдің тұғыры» 8-11 сыныптарға «Төрлет қатты жаңа жаз» жаз байқауы 1-11 сынып

7	Эко әлем бағыты	Тулегенова Д. Бағыт көшбасшысы: Абылғанбет Сабина 8-а Талғатбек Каусар 7-к Кутенова Назира 7-г	Эко Асәрігі істер марафоны ҚТҚ жинау 1-11 сынып Грейнджердің басынан өткен оқиғалары 1-4 сынып аудио бейне жазу Сарыға таста. отбасылық видео 3-сыныптар Қалықты көпесе жарауы 6 сынып «Мен эко блогерым» видеобайқау 7-8 сынып Экошырша шырыша безендіру ойыншығы 1-8 сынып «Экология және біз» хан 9-11 сыныптар
	Прессе секретарь (Әр бағыт бойынша, видеограф пен прессе секретари болады)	Айтасова Ж.Т. Бағыт көшбасшысы: Серикбаева Майра 7 «Б» сынып Дулатқызы Жансая 8 «Ә» Сарина Алина 7 «Ә» Дәулетбек Габит 7 «Б» сынып	«Ең үздік сынып күнделігі» акция 1-11 сынып

Жеті бағыт бойынша III тоқсан бойынша салыстырмалы мониторинг.

III тоқсанда жеті бағыт бойынша жоспар құрылып мектеп әкімшілігі мүшелеріне бөлініп берілді. Сонымен қатар әрбір бағытқа көшбасшы ретінде «Жасұлан» ұйымынан оқушылар бекітілді. Мақсаты оқушыларды мектепішілік жұмыстарға тарту, баулу.

«Еңбек» бағыты бойынша бірінші тоқсанда «Таза сынып» акциясы өткізілді.

«Руханият» бағыты бойынша А. Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай жоғары сыныптарда «Ахмет- ұлт мақтанышы» тақырыбында эссе сайысы өткізілді. Тағыда жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.


«Эко әлем» бағыты «Экология тақырыбын көтерген жас фотограф», ҚТҚ жинау және апталық дәліздегі гүлдерді тексеру акциясы өткізілді. Жауапты: Тулегенова Д

«Салауат» бағыты «Есірткісіз қоғам» сурет байқауы, «Жаман әдеттен жирен» 9 сыныптар арасында видео байқау. Жауаптылар: Булекбаева И

«Жеті жарғы» бағыты «Құқық- дегеніміз не?» 1-4 сыныптар дөңгелек стол, «Өз құқығыңды білесіңбе?» 6 сыныптар арасында сауалнама алынды, «Әлімжеттік жасай әлсіздік» 7 сыныптар арасында видеоролик, Инспектормен ұымдасқан түрде «Жастарды қылмысқа баулитын не?» дөңгелек үстелі өткізілді. Жауаптылар: Ахметова А.С

«Отан» бағыты Ауған со,ыстың ардагерлерімен кездесу кештері өткізіліп отырды.

«Зерде» бағыты 4-сыныптар арасында «Қолбасшылыққа бастар жол»: «Не? Қайда? Қашан?» білгірлер сайысы өткізіліп, қатысушылар өздерінің білімдерін, алғырлықтарын сайыс барысында белсене көрсетті.



Қорытынды Женген сыныптар		
Бастауыш	Орта буын	Жоғары буын
Алтын сынып: 4 «А» сынып Жетекшісі: Тулегенова Данияр 4 «Б» Жетекшісі: Конусова Сандұғаш	Алтын сынып: 7 «А» сынып Жетекшісі: Оралбаева К. К. 6 «Ә» Жетекшісі: Ахметова Б. А.	Алтын сынып: 10 «А» сынып Жетекшісі: Оралбаева Н. К. 9 «Б» сынып Жетекшісі: Шакимова А. Б.
Күміс сынып: 1 «Б» сынып Жетекшісі: Дулатхан Қарлығаш 4 «Д» сынып Жетекшісі: Қарбаева Айнуыр	Күміс сынып: 5 «Б» сынып Жетекшісі: Исмаева Қ. 5 «Ә» сынып Жетекшісі: Дұйсалиева А. А. 6 «Б» сынып Жетекшісі: Шапихина А. Х. 6 «А» сынып Жетекшісі: Темірова Д. М.	Күміс сынып: 11 «А» сынып Жетекшісі: Нұрқия А. М. 8 «Ә» сынып Жетекшісі: Ақтасова Ж. Т.
Қола сынып: 2 «Б»; 3 «Ә»; 2 «А»; 2 «Б»; 4 «Ә»; 3 «А» Жетекшілері: Айтмбетова Э. Нұрмағанбетова М. Айтдарбекова Ғ. Жақина Т. Дұйсалиева А.	Қола сынып: 7 «Г»; 5 «Б»; 7 «Ә» 7 «Б»; 6 «Г» Жетекшілері: Омарова А. Р. Демелова Л. Ж. Ибраева Н. К. Жақсымбетова Ж. Т. Сырманова Г. Т.	Қола сынып: 8 «Б»; 8 «А»; 9 «А»; 8 «Б»; 8 «Г»; 9 «Ә» сыныптары Жетекшілері: Бұқарбаева Г. Бөкір М. Егізбай Б. Нысанбаева С. Ж. Зайтенова К. Д. Ашымбаева А. С.

Қорытынды

Белсенділікті аз танытқан сыныптар

0 «А» Айдарбекова Г. М.	6 «Д» Баяхметр А. Ә.
1 «А» Садыкова Ж	6 «Ж» Мемешова Р. С.
4 «В» Ермишкина С. Ю.	7 «Е» Демеуова М.
4 «Г» Иштаева С. Д.	

Swot талдау

Мықты жағы (strengths) - Оқушылардың әрбір іс – шараларға белсенділігі жоғары болды; - Жеті бағыт бойынша «Руханият», «Еңбек», «Зерде» бағыттары жүйелі жұмыстар атқарылды. - Оқушылар ұйымы әр іс шараға жан – жақты, белсенділік танытты.	Әлсіз жағы (Weaknesses) - Жоспарланған кесте бойынша, мектепшілік іс – шаралардың барлығы толық өткізілген жоқ; - Мектепшілік іс - шараларды ұйымдастыру кезінде жарнамалар дұрыс жүргізілмеді; - Оқушылар ұйымының көшбасшыларының ауысуы - Сынып жетекшілердің сыныптағы оқушыларды сыныптас тыс іс – шараларға қызықтыру белсенділіктерін арттыру.
Мүмкіндіктер (Opportunities) - Тәрбиелік іс-шаралардың өткізу формасын күшейту; - Тәрбие жұмысы бойынша сынып жетекшілер жана форматтағы тәрбиелеу жүйесін одан әрі жандандыру. - Сынып жетекшілердің мектепшілік, қалалық, республикалық байқауларға белсенді сыныптардың қатысуы.	Қауіп - қауіптер (Threats) - Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің ашылмай қалуы; - Оқушылар бос уақыттарын тиімсіз, пайдасыз өткізіп, қауіпті жағдайларға ұшырауы - Ата - аналардың сынып жетекшіге деген сенімділігінің жоғалуы;

«Жеті бағыт» бойынша сәуір, мамыр айында атқарылатын іс - шаралардың жоспары

№	Бағыттар	Жетекшісі және көшбасшысы	Іс - шара атауы
1	«Еңбек» бағыты бойынша	Темирова Дамет, Бәкір Маржан, Бағыт көшбасшысы: Дюсекеев Алдияр 9 «Ә» Бегалиев Елнур 7 «Б» Чубаева Альмира 3 «В»	- «Ең таза сынып» байқауы (1 - 11 сыныптар) - «Адалдық алаңы» (1-11 сыныптар) - «Ұлыстың – Ұлы күні Наурыз» қолөнер байқауы 0 – 11 сыныптар - «Күшіміз - бірлікте» жәрменкесі (5-7 сыныптар) - «Волонтерлар» (8-10 сыныптар)
2	«Салауат» бағыты бойынша	Булекбаева Индира Дене тәрбиесі мұғалімдері Бағыт көшбасшысы: Абдрашова Назерке 7 «А» Досымбек Райхан 6 «А» Алтаева Аружан 5 «Д»	- «Тазалықты қалаймыз» дөңгелек үстел (1 - 4 сыныптар) - «Саулық сақтықта» (1-11 сыныптар) - Волейбол (9-10 сынып) - Футбол (8 сынып) - Народный мяч (7 сынып) - Арқан тартыс (5 сынып) - Қызыл ту (6 сынып) - «Есірткісіз қоғам» сурет байқауы (3-4 сыныптар) - «Темекі – денсаулық дұшпаны» пікір - сайыс (7 сыныптар) - «Жаман әдеттен – жирен» видеоролик (8 сыныптар)

3	«Жеті жарғы» бағыты бойынша	Ахметова Айна Бағыт көшбасшысы: Қазтаев Ерасыл 10 «А» Акмолдина Дания 7 «Б» Сатыбалдин Асаналі 7 «Б»	- «Өз құқығыңды сақтап үйрен, бірақ басқалардың құқығы бар екенін ұмытпа» дөңгелек үстел (5 сыныптар) - «Өз құқығыңды білесің бе?» сауалнама (6 сыныптар) - «Жастарды қылмысқа баулитын не?» дөңгелек үстел (9 сыныптар) - Біз адал ұрпақпыз
4	«Отан» бағыты бойынша	Алшинбаев Серік Тулегенова Данар Бағыт көшбасшысы: Нургул Марал 8 «Б» Амангелдина Томирис 5 «А» Байторов Мадия 5 «Ә»	- «Отан сүйген ұланбыз» патриоттық әндер сайысы (1 - 4 сыныптар) - «15 ақпан – Ауғанстаннан әскерлерді шығару күніне» байланысты кездесулер./Ерлік сабақтар - Отан отбасынан басталады (8-10 сынып)
5	«Зерде» бағыты бойынша	Нурмаганбетова Мөлдір (бастауыш сынып) Бағыт көшбасшысы: Мұрат Диас 6 «Ә»	- «Біздер үшін ертегі мектепке келді...» ертегі кітаптарға шолу жасау (1 сыныптар) - «Зерек бала» пәндік сайыс (2 сыныптар) - 1001 мақал – 101 жұмбақ сайысы 4 сыныптар - «Үлгілі сынып» байқауы (1 - 4 сыныптар)

		Утаева Г.К. (I ауысым) Бағыт көшбасшысы: Мақсатқызы Ақниет 10 «А»	«Үлгілі сынып» байқауы (8 - 11 сыныптар)
		Жаксымбетова Жансая (II ауысым) Бағыт көшбасшысы: Дүйсенғалиева Айшабибі 7 «Ә»	- “Оқуға құштар – мектеп, оқуға құштар – ел” Reading challenge байқауы (5-7 сынып) - «Үлгілі сынып» байқауы (5 - 7 сыныптар)
		«Дарын» Ажибаева У.Б. Бағыт көшбасшысы: Серикбаева Мөлдір 9 «Ә» Султанкулова Аяулым 5 «В»	- 21 ғасыр көшбасшысы пән бойынша сайыс 5 сыныптар - «Ғылыми зерттеу жобасы» байқауы (1 - 11 сыныптар)
6	«Руханият» бағыты бойынша	Шулбаева А.Б. Бағыт көшбасшысы: Жылқыбай Аяжан 10 «А» Балғашева Разия 6 «Б» Тұрсынбай Нурдаулет 7 «Б»	- 1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай, челлендж «Ұстазыма – мың алғыс» 0 – 11 сыныптар - «Ана – өмір шуағы» сынып сағаттары 0-11 сыныптар - «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» 0- 11 сыныптар
			- М. Мақатаевтың туғанына 90 жыл мерекелік іс - шара
7	«Экоәлем» бағыты бойынша	Тулегенова Д Бағыт көшбасшысы: Аймағанбет Сабина 8 «А» Талғатбек Каусар 7 «В» Кутенова Назира 7 «Г»	- «ЭкоАсар - игі істер марафоны» ҚТҚ жинау (1 - 11 сыныптар) - «Экология және біз» КВН (9 - 11 сыныптар)
	Пресс секретарь	Актасова Ж.Т. Бағыт көшбасшысы: Дулатқызы Жансая 8 «Ә» Серикбаева Майра 7 «Б» Сарина Алина 7 «Ә»	- «Ең үздік сынып күнделігі» акция (1 - 11 сыныптар)

	Медиаторлар	Демеуова Мадина Мақпал Бағыт көшбасшысы: Альжанова Даяна	«Оқушылардың мінез – құлықтары» Тренинг (1 – 9 сыныптар)
--	--------------------	---	--

Ұсыныс

- 7 бағыт бойынша барлық іс – шаралардың уақытылы және жүйелі өтуін қадағалау.
- Ата – аналармен байланысты одан әрі нығайту.
- Әртүрлі акциялар, семинарлар, кездесулерді көп өткізу.

